

#ӘділеттіҚазақстан

Білім – бәсекеге
қабілетті және
табысты ұлт
болудың басты
кепілі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘУЕЗОВ – 125



ҰСТАЗ БЕН
ШӘКІРТ

2

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА



ЕСІМІ ӨШПЕС
ТҰЛҒА

3

МӘУЛЕНОВ – 100



ӘКЕ МЕН БАЛА

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

1.10.2022

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+9+11 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

2.10.2022

Түнде:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.

Күндіз:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №113 (6248) 1 қазан, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Алматы қаласының әкімі Медеу ауданының тұрғындарымен кездесті



Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Медеу ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан келіп түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтты. Кездесуге 550-ден астам адам келді.

4-5

ЕРТЕҢ – ҰСТАЗДАР КҮНІ

«ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК...»



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Әлемде мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Ұстазды жер бетіндегі барлық кәсіптің анасы деуге әбден болады. Себебі, ұстаздан білім мен тәрбие алмайтын жан жоқ.

12

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысына жұмыс сапарымен барды.
- 2022 жылдың 1 қазанынан Қазақстан Ұлттық банкі номиналы 20 мың теңге болатын банкнотты айналымға шығарады.
- Келесі жылы Мәжіліс пен мәслихат депутаттары аралас жүйе бойынша сайланады.
- TikTok желісіне қазақ тілін орнату жайы қарастырылып жатыр.
- 4-6 қазанда Астанада ТМД-ға қатысушы елдер педагогтерінің съезі өтеді.
- Қазақстанда 2-11-сынып оқушылары арасында шахматтан «Ақбозат» республикалық турнирі өтеді.
- Қазақстанда 100 жастағы және одан да үлкенірек жастағы 487 азамат бар.
- Алматы ұзақ өмір сүрушілер саны бойынша екінші орында. Шаһарда 100 жасан асқан 62 адам тұрады.
- Қазақстан автожолшылар қауымдастығы 2040 жылға дейінгі жол құрылысының ұлттық бағдарламасын әзірлемек.
- Бірінші республикалық «Ұлы Дала жорығы» марафон-бәйгесі мәреге жетті. Алғашқы үш жүлделі орынды Маңғыстау, Жетісу, Түркістан облыстарының шабандоздары бөлісті.

www.almaty-akshamy.kz



НӨМІРДІҢ
НАҚЫЛЫ:

Білімді болуға – оқу, бай болуға – кәсіп,
күшті болуға – бірлік керек.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

«Құрылысы 2023 жылы басталуға тиіс мектептер үшін жер учаскелерін бөлу және инфрақұрылымға қосу жөніндегі барлық мәселе бір ай ішінде шешілуге тиіс. Қаландары жыл соңына дейін шешімін табуы керек». Мемлекет басшысы Реформалар жөніндегі жоғары кестінің кезекті отырысында әкімдерге инфрақұрылым жөніндегі мәселелерді шешу бойынша тапсырма берді.

«Әкімдер жыл соңына дейін жер, инфрақұрылым жөніндегі барлық мәселені шешуі қажет. Мұнда еш акталудың реті жоқ. Сондықтан аталған жұмыстың орындауына әкімдерді тікелей жауапты етіп бекіту жөніндегі Үкіметтің ұсынысын қолдаймын», – деп атап өткен Президент әкімдер бюрократияны азайту, нақты мәселелердің шешілуін созбалаңға салу проблемасын реттеуі керек екенін нақтылады. «Үкіметтің Samruk-Kazyna Construction-ды бірыңғай тапсырыс беруші ретінде айқындау туралы ұсынысын қолдауға болады деп есептеймін. Бұл бүкіл процесті бір жерде жоспарлауға, салуға және басқаруға мүмкіндік береді. Мектептер бойынша талап ерекше болады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

■ СЕНАТ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палатаның жалпы отырысы болды.

Отырыс барысында депутаттар «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық комиссияның кадр құрамын қалыптастыру тетігін нақтылау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарап, қабылдады.

«Хаттама Еуразиялық экономикалық комиссияның кадрлық құрамын қалыптастыру тетігін нақтылауды көздейді. Қабылданған заң Комиссия қызметкерлерінің еңбек шарттарының талаптарын жақсартуға мүмкіндік береді деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

■ МӘЖІЛІС

Палата спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста Мәжіліс депутаттары ел Президентінің еске алған тапсырмаларын іске асыру және жастар саясаты мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады.

Отырыстың маңызды тақырыбы мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар туралы заң жобасы болды. Түзетулер «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне және «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңына қатысты. Заң жобасын жасаушылар «жастардың даму индексі», «жастармен жұмыс жөніндегі маман», «жастардың әлеуметтік қызметтері» ұғымдарын заңнамалық тұрғыдан бекітуді ұсынды. Депутаттар жастардың шекті жасын 35 жасқа дейін ұлғайту туралы ұсыныс енгізді. Егер бұл норма бекітілсе, Қазақстанда жас азаматтардың саны 6,2 миллион адамға дейін артады.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайылов Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізді.

Жиында «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ және «Сұйытылған мұнай газын сақтау паркі» ЖШС қызметінің мәселелері қаралды. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаров қазіргі уақытта монополиялық жоғары баға қою, үстем жағдайды асыра пайдалану белгілері бойынша «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ-ға қатысты тергеу жүргізіліп жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, оның айтуынша, ведомство «Сұйытылған мұнай газын сақтау паркі» ЖШС-не қатысты сұйытылған мұнай газына монополиялық жоғары баға белгілеу және ауыстырып тиеу, сақтау қызметтері мәселесі бойынша тергеуді жалғастырып жатыр. Премьер-Министр осы бағыттар бойынша жұмысты жалғастыруды және оның қорытындысы бойынша тиісті ұсыныстар дайындап, комиссия қарауына шығаруды тапсырды.

■ ИНДУСТРИЯ

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде «Ашық сағат алаңы» шеңберінде жолаушылар вагондарын жаңарту әрі теміржол кластерін құру бойынша кездесу өтті.

Кездесу барысында қатысушылар жолаушылар вагондарын жаңарту және теміржол кластерін құру мәселелерін талқылады. Жолаушылар вагондарының техникалық жағдайына назар аударды. Спикер келтірген мәліметке сәйкес, жаңа вагондар сатып алу бойынша тиісті шаралар қабылданауда. Биыл 62 «Тальго» вагоны сатып алынды. Жылдың соңына дейін тағы 11 вагон жеткізіледі деп күтілуде. 2025 жылдан бастап 537 бірлік көлемінде Stadler вагондарын жеткізу жоспарлануда. Бүгінде жолаушылар вагондарының жалпы паркі 2600-ден астам бірлікті құрайды. Субсидиялау шарты негізінде вагондар паркін 10 жыл ішінде кемінде 15%-ға жаңарту көзделген.

ӘУЕЗОВ – 125

ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ

Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановқа ескерткіш ашылды

Мемлекет басшысы Абай облысына жұмыс сапары барысында жазушы Мұхтар Әуезов пен ғалым Қайым Мұхамедхановқа арналған ескерткішті ашты.

Президент шараға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде екі тұлғаның төл тарихымызда ерекше орын алатынын атап өтті.

– Бұл – ұстаз бен шәкірт, аға мен іні арасындағы рухани бірліктің символы. Шын мәнінде, қос алыпты бөлек жарып қарау мүмкін емес. Олар Абай мұрасын зерттеп, дәріптеуге өлшеусіз еңбек сіңірді. Төл әдебиетімізді жаңа белеске көтерді. Мұхтар Әуезов Абайды, Абай арқылы қазақты бүкіл әлемге танытты. Ұлы ойшылдың көркем бейнесін сомдап, оның асыл мұрасын адамзаттың ортақ қазынасына қосты. Жазушының әр туындысы жұрттымыздың жүрегінен өшпес орын алды. Мұхтар Әуезов – әлем әдебиетінің шыңына көтерілген қаламгер. Ал Қайым Мұхамедханов – ұлы жазушының жақын серігі әрі шәкірті. Ол бүкіл ғұмырын Абайтану, Шәкәрімтану және Алаштану ғылымына арнады. Қуғын-сүргінге ұшыраса да, тағдырдың сынағына қарсы тұрып, еліне адал қызмет етті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ұлт тарихындағы біртуар тұлғаларымызды ұлықтау парыз екенін және бұл ескерткіш Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық тойына тарту болғанын айтты. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы шараға қатысуға келген бір топ зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Олардың қатарында жазушы мен ғалымның ұрпақтары, абайтанушылар, осы өңірде туып-өскен бірқатар ақын-жазушылар болды.

Мемлекет басшысы жұмыс сапары аясында жергілікті жұртшылықпен кездесуінде Семей қаласының, Абай облысының Қазақстан тарихындағы орны ерекше әрі төл шежіремізде айрықша орны бар өлке екенін атап өтті.

– Бұл – қазаққа Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов сияқты біртуар пер-



зенттерді сыйлаған ұлылар мекені. Абай туған топыраққа келген адам бұл жердің киесін сезінеді, қасиетін ұғады. Семей – ұлы даланың ұлағатты өлкесі. Бұл – Алаш арыстарының ізі қалған, зиялыларымыз елдің болашағы үшін күрескен кастерлі өңір. Семей – ұлттық ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің тарихи орталығы. Еліміздегі мұғалімдер даярлайтын алғашқы оқу орны бұдан 120 жыл бұрын осы қалада ашылғаны белгілі. Онда Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Қа-

ныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шәкен Айманов сынды ұлт зиялылары білім алған. Ал Семейдегі музыкалық драма театр – қазақтың театр өнерінің берекелі бастауы. Ұлт футболының тұсауы да осы жерде кесілген. Еліміздегі тарихи-өлкетану музейі, қоғамдық кітапхана, архив, телеграф алғаш рет осында ашылған. Сондықтан бұл жерді халқымыз қазақ руханияты тамыр жайған жер деп ерекше қадірлейді, – деді Мемлекет басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

АРДАГЕРЛЕР АРДАҚТАЛАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ахан Бижановтың қатысуымен брифинг өтті. Қарттар күні қарсаңында ол жергілікті билік зейнеткерлерге қандай әлеуметтік қолдау көрсететінін айтты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ахан Бижанов бүгінде Алматы ардагерлер кеңесі мықты, ұйымдасқан одақ екенін, оның бірінші кезектегі міндеті – зейнеткерлердің қызметін жандандыру, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу екенін айтты.

Ардагерлер кеңесі бірнеше жыл бойы нақты істермен жергілікті атқарушы органдарға өзекті міндеттерді шешуге және уақыттың жаңа сын-тегеуріндеріне жауап беруге көмектеседі, ол үшін шенеуніктер арасында да, басқа да қоғамдық ұйымдар арасында да лайықты беделге ие болады.

Ардагерлер кеңесінің төралқасы ардагерлердің құқықтарын қорғай отырып, Алматыда қоғамдық қызметті белсенді жүргізеді. Мысалы, олар Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы. Олармен бірге қарт адамның ай-



лығын өткізу жоспары бекітілді. Жақында Ардагерлер кеңесі қалалық сотпен, Қонас атындағы заң академиясымен, Философия, саясаттану және дінтану институтының ғалымдарымен бірлескен іс-шара өткізді. Соның арқасында ардагерлер қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыра алады.

Қарттар күні мен айлығын өткізу шеңберінде Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектерін, еңбек майданының қатысушыларын, Ленинград қоршауындағы адамдарды, концлагерлердің бұрынғы көмелетке толмаған тұтқындарын үйде құттықтаулар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, жыл соңына дейін жалғызбасты, жалғыз тұратын соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне тұрғын үйді жөндеуге көмек көрсетіледі. Барлық белсенді ұзақ өмір сүру

орталығында мерекелік іс-шаралар өтеді. Қарттар күніне орай соғыс ардагерлеріне стоматологиялық көмек көрсетіледі. Өз кезегінде Ардагерлер кеңесінің активі оқушылар, студенттер қатысатын «Дөңгелек үстелдер» мен акцияларға қатысады.

Ардагерлер кеңесінің жұмысы туралы айта келе, Ахан Бижанов 2022 жылғы оқиғалар туралы да айтып өтті. Оның пікірінше, еліміз үшін Мемлекет басшысының Жолдауы, референдум және ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы ең маңызды оқиғалар болды.

«Мемлекет басшысының бастамалары ең алдымен қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған. Зейнетақының ең төменгі мөлшерлемесін ең төменгі күнкөріс деңгейінен 70%-ға дейін, ал ең жоғары мөлшерлемесін 120%-ға дейін ұлғайту, сондай-ақ Президенттің «Ұлттық қор – балаларға» жаңа бағдарламасын дайындау туралы бастамасы сияқты шаралар қаланың ардагерлер қауымдастығының мақұлдауына және қолдауына ие болды», – деп атап өтті Алматы ардагерлер ұйымының басшысы.

Журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Ахан Бижанов Алматының зейнеткерлері зейнетақыдан басқа түрлі қаржылық қолдау (13 түрі) алатынын айтты. Мысалы, оларға су есептегіштері, газ жабдықтары тегін орнатылады, санаторийлерге жолдамалар бөлінеді және тағы басқалар. Өткен жылы ғана жергілікті органдар мен кәсіпкерлер Қарттар күніне 200 млн теңгеден астам сомаға көмек көрсетті.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ БАҒЫТ

Қала әкімі Нидерланды Корольдігінің елшісімен кездесті

Шаһар басшысы Ерболат Досаев пен Қазақстандағы Нидерланды Корольдігінің Төтенше және өкілетті елшісі Андре Карстенспен кездесу барысында сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ инновациялар мен жаңа технологиялар саласындағы әріптестік мәселелері талқыланды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткен жылдар ішінде Нидерланды Корольдігі Қазақстанның ЕО елдері арасындағы жетекші әріптестерінің және Қазақстан экономикасына тікелей инвестициялар көлемі бойынша негізгі инвесторының біріне (2005 жылдан бастап 103 миллиард доллар) айналды. Қала әкімі Ерболат Досаев атап өткендей, Алматы мен Нидерланды Корольдігі арасындағы тауар айналымы 2022 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы өткен жылдың осы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 17%-ға өсіп, 56 млн долларды құрады. Қалада голландиялық капиталдың қатысуымен 285, ал бүкіл ел бойынша 702 компания жұмыс істейді.

Сондай-ақ, тараптар Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасының 7 бағыты бойынша ынтымақтастық мүмкіндіктерін және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды талқылады. Ерболат Досаев атап өткендей, қазақстандық тарап Нидерландының қоғамдық көлікті басқару, экология, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы тәжірибесін зерделеуге мүдделі.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Корольдік – Еуропадағы экологиялық ең таза мемлекеттердің бірі. Мәселен, Йель университетінің 2022 жылғы экологиялық көрсеткіштер индексіне (KPI) сәйкес Нидерланды 11-орында.

Кездесу барысында осы айда Қазақстан мен Нидерланды арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толғаны (1992 жылғы 10 қыркүйек) атап өтілді. Осы-

нау айтулы күнге орай 2 қазанда Алматыда Orange Benelux Bicycle Tour жалпықалалық веложарысы өтеді, оған 1 мыңнан астам адам қатысады. Велошерудің жалпы қашықтығы 15 шақырымды құрайды.

Кездесуге қатысушылар бұдан былайғы өзара тиімді ынтымақтастықтың елеулі әлеуеті мен перспективалық бағыттарын атап өтті.

МӘСЛИХАТ МІНБЕРІ

Жұмыстар жүйелі жүргізілетін болады

Алматы қалалық мәслихатының XXVII сессиясы өтті



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Жиынға мәслихат депутаттарымен бірге Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин, Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Ғани Мырзаханов, Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Санжар Алин, Алматы қаласы білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева, Спорт басқармасының басшысы Бейбіт Шаханов, Қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Алтынай Төлеутаева, Цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев, Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берік Солтанбаев қатысты.

Сессияның күн тәртібінде:

- Алматы қаласының 2022–2024 жылдарға арналған бюджеті туралы;
- Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің жергілікті жобаларының тізбесін бекіту туралы;
- Алматы қаласында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын бекіту туралы;
- Алматы қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы мәселелер қаралды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЕСІМІ ӨШПЕС ТҰЛҒА



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

ҚР ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Алматы қаласының Құрметті азаматы Серік Қирабаевтың құрметіне мемориалдық ескерткіш-тақта қойылды.

«Ағамыз өмірінің соңына дейін ғылым мен білім жолында еселі еңбек етті. Бүгін біз тарихи оқиғаның куәгері болғалы отырмыз. Ол кісі қазақ руханиятына өлшеусіз әсер еткен адам. Қаншама шәкірт тәрбиеледі, қаншама еңбек жазып қалдырды. Барлығы дерлік қазақ халқының тарихына терең бойлайтын дүниелер. Жас ғалымдарға да көмекші құрал жазып қалдырды. Ағамыздың еңбектері ұрпақ жадында мәңгі сақталады», – дейді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Серік Қирабаев қазақ әдебиетіне, қазақ мәдениеті мен руханиятына өткен ғасырдың екінші жартысында келген. Отыз жылдам астам уақыт Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қызмет етті. Содан кейін жеті жыл бойы Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын басқарды. Ол қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы, сыны жөнінде сүбелі еңбектер жазды. Нақтырақ айтсақ, қырықтан астам монографияның, 800-ден астам әдебиет сыны, теориясы жөніндегі мақаланың авторы.

«Серағанның еңбегі орасан, барлығымызға жасаған жақсылығы мәңгі ұмытылмайды. Сераға мен Әлия апайды жағалап Алматыға келген жастар едік. Оқуға түсіп, осы кісілерге еліктеп келдік. Ағамыздың әрбір сөзі, отырған отырысы бәрімізге үлкен өнеге еді. Жиналған халықтың бәрі осы Серағанның шәкірті, енді бірі – інісі, екінші бірі – бауыры. Ағамыздың жатқан жері жайлы болсын, оның аты қазақ тарихында мәңгілікке алтын әріптермен жазылып қалады», – дейді кеңестік және қазақстандық кино және театр актері, кино және театр режиссері, театр педагогі, профессор Асанәлі Әшімов.

Серік Қирабаевтың шоқтығы биік еңбектерінің бірі – Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығы туралы монография. Осы арқылы Алаш арыстарын ақтап, ұмыт болған еңбектерін қазақ әдебиетінің қатарына қосты. Марқұм жүздеген шәкірт тәрбиелеп, Қирабаев мектебін қалыптастырған.

САЙЛАУ-2022

Тұрақтылық бәрінен қымбат



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Философия, саясаттану және дінтану институтының қабырғасында қазіргі Қазақстандағы конституциялық реформа және сайлау процесі мәселелеріне арналған ғылыми-практикалық конференция өтті.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Жиынға «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» ҚК басшысы, әлеуметтану ғылымының кандидаты Гүлмира Тоқшалықызы, ИФПР саяси зерттеулер орталығының директоры, философия ғылымының кандидаты Айдар Молдашұлы, философия ғылымының докторы, профессор Серік Нұрмұратов, т.б. ғалымдар мен әлеуметтанушылар қатысып, алдағы саяси науқан алдында ой бөлісті.

«Қазақстанда 1989 жылдан 2022 жылға дейін өткен бірнеше сайлау науқандары мен референдумдардың тәжірибесі (1995 жылғы 29 сәуір, 30 тамыз, 2022 жылғы 5 маусым) елдегі сайлау процестерінің сайлау туралы заңнаманың ықпалымен ғана емес, сондай-ақ қалыптасқан саяси мәдениет нормаларымен, атап айтқанда саяси қатысу және сайлау мәдениеті секілді өзіндік ерекшеліктері бар екенін көрсетті», – дейді жиынға қатысқан мамандар.

Сайлау институтының Конституциялық құқықта көрініс тапқан және конституциялық реформалар процесінде ескеру қажет арнайы функциялары бар.



ӘКІМ

МЕДЕУ АУДАНЫ: ӘЛЕУМЕТТІҢ



(Басы 1-бетте)

ЖАРЫҚТАНДЫРУ ТОЛЫҚ ШЕШІЛЕДІ

Ауданда коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту өзекті мәселе болып қала берді. «Думан» шағынауданында сорғы станциясы мен 1800 текше метрлі екі резервуар қайта жаңартылуда. Жұмыстарды ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Сондай-ақ, желтоқсанға дейін «Юбилейный» шағынауданында және Горная, Батурина, Бегалин көшелерінде ұзындығы 2,6 км кәріз желілерін тапсыру жоспарда бар. 2023 жылдың бірінші және екінші тоқсанына арналған жоспарда «Кеңсай», «Каменское плато», «Мұзтау» және «Көлсай» шағынаудандарында сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу қарастырылған.

Тұрғындарды үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ету үшін ауданда 16,8 км желі қайта жаңартылды. Жыл соңына дейін 17 км электр беру желілерін жаңғыртуды аяқтау және 18 көшеге сыртқы жарықтандыруды жүргізу жоспарлануда. 2023 жылдың соңына дейін ауданда тағы 37 көшеде жарықтандыру мәселелері шешіледі.

Қала әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, аудандағы жолдардың пайдалану си-

паттамаларын жақсарту үшін жалпы ұзындығы 21,4 км болатын 29 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу үшін ауданда №48 және №131 мектеп-лицейіне күрделі жөндеу жүргізілуде. Бірінші мектеп бойынша жұмыстарды ағымдағы жылдың 30 қарашына дейін, екінші нысанды 2023 жылдың 3-тоқсанында аяқтау жоспарланған. Бұдан басқа, №131, №35 және №99 мектептер бойынша 2023 жылдың 2 тоқсанында 800 жаңа орынға 3 қосалқы нысан салуға ЖСҚ әзірлеу аяқталады. «Думан» шағынауданында 1200 орынды жаңа мектеп салынады. Құрылыстың басталуы келесі жылдың 2-тоқсанына жоспарланған.

ТАПШЫЛЫҚ АЗАЯ БАСТАДЫ

Мектепке дейінгі ұйымдардағы тапшылықты қысқарту мақсатында ағымдағы жылы жаңа 135 орын ашу үшін №114, №116 және №141 мемлекеттік балабақшаларда күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Биылғы жылы ауданда қосымша 457 орынды 10 жаңа жекеменшік балабақша ашылды, сондай-ақ жыл соңына дейін 250 орынды тағы бір жекеменшік балабақша ашу жоспарланған.

СҰРАҚ-ЖАУАП

Қала әкімінің Медеу ауданы тұрғындарымен екінші кездесуі қалыптасқан дәстүр бойынша баяндамадан басталып, барлық атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға тоқталған соң, сұрақ-жауап сессиясына жалғасты.

Медеу ауданының тұрғындары тарапынан алғашқы сұрақ сумен жабдықтау мәселесіне қатысты қойылды.

– «Каменск үстірті» ықшамауданында сумен жабдықтау мәселесі өткір болып тұр. Қазір су жоқ. Тек кесте бойынша ғана қосылып, өшіріледі. Түбегейлі шешім қашан қабылданады?

– «Каменск үстірті» сумен жабдықтау және су бұру – бұл мен үшін Медеу ауданындағы ең үлкен мәселенің бірі. Ықшамауданының қазіргі жағдайын бағалағаннан кейін біз жобаны қайта қарастырудамыз. Жоба 2020 жылы жасалған, ол ескірді. Құрылыс материалдарының құны бойынша да сәйкес келмейді. Жыл соңына дейін жоба қайта қаралады деп үміттенеміз, ал келесі жылдың көктемінде біз жұмысты бастаймыз. Бірақ тарату желілері бойынша мен бірден ескертемін, инженерлік дәліздер жоқ. Әрі қарай біз не істей алатынымызды көреміз. Аралық тұрғыдан біз су бағандарын қоюға болады деп ойлаймыз, – деді қала әкімі.

Келесі кезекте сұрақ қойған тұрғын жол сапасына наразы екенін айтты.

– Мен күнде жұмысқа Қайырбеков көшесімен жүремін. Жібек жолынан Гогольге дейін жол нашар. Осы жол қашан жөнделеді екен?

Айтылған сұраққа Алматы қалалық мобилділік басқармасының басшысы Ғани Мырзаханов жауап берді.

– Биыл көшені жөндеу жұмыстары аяқталып жатыр. Қазір бір-ақ көше қалды, ол – Уәлиханов. Аудан әкімдігі бізге келесі жылға 35 көшенің тізімін берді, қазір жобалау-сметалық құжаттарын дайындап жатырмыз. Сіз айтқан көше келесі жылы істеледі, – деді ол.

– Аудан әкімдігімен бірге 35 көшенің құжатын дайындаған соң, келесі жылы Қайырбеков көшесінен бастаймыз, – деп толықтырды шаһар басшысы.

Өз кезегінде сұрақ қойған тұрғын біздің газетімізде көтерілген мәселенің әлі шешілмегенін айтты.

– Мен «Алматы акшамы» газетіне

ТАЛАП-ТІЛЕКТЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ



Мәметова мен Төлебаев көшелерінің қиылысында кабель далада ашық-шашық жатқанын 20 тамыз күні жазған едім. Қыс та жақындап қалды, ол әлі жабдықталған жоқ.

Қала басшысы айтылған мәселенің жақын арада шешілетінін хабарлады.

– Мекенжайды тексеріп, қауіп болса 1-2 күн ішінде алып тастаймыз, – деді Е.Досаев.

Тағы бір сұрақ заңсыз құрылыс мәселесін көтерді.

– Тянь-Шаньская, 9 Г мекенжайында құрылыс заңсыз жүріп жатыр. Мұнда құрылыс нормаларының бұзылуы анық байқалады. Мысалы жаңа тұрғын үй кешенінде ойын алаңы мен автотұрақ жоқ, – деді тұрғын. Бұл сауалға Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин жауап берді.

– Нысан бүгінгі күні пайдалануға берілген. Біз қосымша тексеру жүргіземіз. Бірақ бұл мекенжайда құрылыс бастамас бұрын біз келіссөз жүргізгенбіз. Ескі тұрғын үйдің орнында құрылыс аяқталған соң, құрылыс салушы оның жанындағы өзге де ескі үйлерді сатып алатын болған. Ол жерлердің орнында ойын алаңы пайда болады. Автотұрақ мәселесін тағы да анықтаймыз. Бір аптадан кейін құрылыс салу-

шы жаңа жобаны қайта бастайды, – деді Еркебұлан Нұрланұлы. Аудан әкімінің жауабын шаһар басшысы толықтырды.

– Егер құрылыс салушы өз уәдесін орындап, қалған үйлерді сатып алса, сәйкесінше жаңа алаң пайда болуы керек. Бірақ паркинг мәселесі бойынша ол кіріктірілген немесе жеке болатынын біз нақты анықтаймыз. Тянь-Шаньская, 9 Г мекенжайындағы құрылысты Алматы қаласы қала құрылысын бақылау басқармасына ерекше бақылауға алуға тапсырамын. Сондай-ақ, Урбанистика басқармасы да жобаның дұрыс іске асуын жіті назарда алсын, – деді қала әкімі.

Келесі кезекте сұрақ қойған қала тұрғыны оқушыларға арнап жаяу жүргіншілер жолын салып беруді өтінді.

– Тәтібеков–Қабылов–Екібастұз–Халиуллин көшелерінің аралығында бізге жаяу жүргіншілер жолын салдырып берсеңіз. №98 мектептің ата-аналарының атынан өтінеміз. Жұмыс көлемі көп емес, небәрі 15 метр. Екінші сұрағым, Қабылов көшесінде жөндеу жұмыстарын жүргізу керек. Жол өте нашар болғандықтан, жеке көлігімізге зиян тигізуде. Сіздің көмегіңізге үміттенеміз, – деді Медеу ауданының тұрғыны.

– Бірінші сұрағыңыз бойынша, мек-

тептің айналасында зерттеу жүргіземіз. Егер мүмкін болса, 150 метрдей жаяу жүргіншілер жолын жасаймыз. Қабылов көшесі 2023 жылдың жоспарына енгізілді. Қазір сметалық құжаттама дайындалуда.

Сұрақ-жауап сессиясы кезінде Руслан Саринев есімді тұрғын қала өмірін жақсарту бойынша өз көмегін ұсынды.

– Өз мамандығыма байланысты мен көлік, әуе, газ ағындарын аздап түсінемін. Алматы қаласы 1 жыл ішінде көлік кептелісі кесірінен 1 триллион теңгеден астам шығынға ұшырайды және ауаның ластануынан азаматтардың денсаулығына байланысты көптеген мәселе туындайды. Менде көлік кептелістерін жою бойынша ең жоғары жүктемелерді азайту және Алматы қаласының газдануын азайту бойынша бірқатар ұсыныстарым бар. Біз Ғани Әуезханұлымен және өзге де басқарма басшыларымен жақсы байланыстамыз. Бірақ олар тек құрылымдық шешім қабылдай алады. Ал мәселені жүйелі түрде шешу керек. Сондықтан мені 15 минут жеке қабылдауыңызды өтінемін, – деді Р.Саринев.

– Көп рахмет, сіздің ұсыныстарыңыз бізді қызықтырып тұр. Егер мәселе басқарма басшысы деңгейінде шешілмесе, осын-



ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ



«Кеңсай» шағынауданында медициналық қызмет көрсетудің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ауысы-

мына 120 келушіге арналған жаңа отбасылық-дәрігерлік амбулатория салыну-да. Аталған нысан ағымдағы жылдың соңы-

дай кезде басылық жұмыс істейді. Біз жақында қаланы дамыту жоспарын қабылдадық. Оның ішінде экология мәселелерімен кешенді түрде айналысқымыз келеді. Осы сала бойынша жұмыс істейтін менің орынбасарым бар – Асқар Әмрин. Ол шешім қабылдай алатын құзыретті адам. Келесі аптаның басында Асқар Кемеңгерұлы сізді қабылдайды. Егер басылықты қызықтыратын ұсыныс айтсаңыз, екеуіңіз бірге нақты шешіммен маған келіңіздер немесе қазан айының ортасында маған жеке қабылдауыма жазылсаңыз болады, – деп жауап берді Ерболат Асқарбекұлы.

Келесі сұрақ тұрғын үй кешеніне байланысты қойылды.

– Біз Республика сарайының артында орналасқан «Эксклюзив Стар» тұрғын үй кешенінің атынан келіп тұрмыз. Біздің кешенінің жанында электр қосалқы станциясы тұр. Ток желілері біздің үйлерге өте жақын. Біз өлшегенде ережеге сәйкес келмейтінін анықтадық. Ақпан айынан бастап жүгіріп жүрміз, әлі шешім жоқ.

– Бұл жерде 110 киловольттық желі. Ол бұрыннан тұрған. Бірақ дәл қазір оны алып тастау жоспарда жоқ. Ендігі жылы қарастырып көруге болады. АЖҚ-ға бұл

мәселені қарастыруды тапсырамын, – деді қала әкімі. Ол сондай-ақ, айтылған желілердің қала әкімдігіне емес, АЖҚ-ға тиесілі екенін қосымша айтып өтті.

Сұрақ қойған келесі тұрғын аудандағы тыныштықты бұзатын мекемелерге шағымданды.

– Ғылым ордасының қасында «ВХВ» және «Барвиха» түнгі клубтары жұмыс істейді. Түн бата аудан тұрғындары жанкүйзеліске түседі. Мәліктен қарапайым халық мас адамдардың жаман сөздерін естіп, төбелес көрулері керек? Осы мәселе бойынша шара қолдануыңызды сұраймын, – деді тұрғын.

– 1998 жылы Ғылым ордасы жанындағы бұл ғимараттар сатылып кеткен. Енді не істеуге болатынын заң бойынша қарап жатырмыз. Сіздерге көмек ретінде мобильдік пункт ашамыз. Жыл соңына дейін 2 камера тағы орнатамыз. Содан соң қандай өзгерістер болатынын қарап көрейік. Сондай-ақ, осы екі түнгі клубтың қожайындарымен сөйлессін деп аудан әкіміне тапсырма беремін, – деп жауап берді шаһар басшысы.

Кездесу кезінде «Артспорт» бағдарламасына қатысты сұрақтар да айтылды.

– Біздің балалар «Артспорт» бағдар-

на дейін пайдалануға беріледі. «Думан» шағынауданында ауысымына 500 келушіге арналған жаңа емхана салынады. Құрылыс-монтаж жұмыстарының басталуы 2023 жылдың 3-тоқсанына жоспарланған.

Медеу ауданының тұрғындарын спорт нысандарымен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Жыл соңына дейін «Алатау» шағынауданында жобалық қуаты 150 адамға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылады.

Сондай-ақ, қала әкімі Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының іске асырылу барысы туралы хабардар етті. 2022 жылы 800 млн теңгеге 19 жоба іріктелді. Оның 18-і аяқталды, жұмыста 1 жоба бар. Бұл ағымдағы жылдың қазан айында тапсыруы жоспарланған Тіксай өзенінің жағалауын абаттандыру.

Алматы қаласының әкімімен кездесу барысында тұрғындар жолдарды жөндеу, кәріз және электр желілерін абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесудің жаңа форматына сәйкес, жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді – 8 ауданның әрқайсысының тұрғындарымен тоқсанына бір кездесу.

ламасы бойынша спорт үйірмелеріне барып жүрді. Қазір бұл бағдарламаның жабылғанын білдік.

– Балалар – біздің басты байлығымыз. Маған бұл мәселе бірнеше рет айтылды. Біз барлық қарыздарды ай соңына дейін жауып, бюджеттен 2,2 млрд теңге бөлеміз. Кеше біз құрған жұмыс тобымен кездесу өтті. Оның құрамында мәслихат депутаттары, көрсетілетін қызметті берушілер, қала прокурорының бірінші орынбасары болды. Бүгін бізде 83 мың бала бағдарлама бойынша шығармашылық үйірмелер мен спорт түрлеріне тартылған, оның ішінде 20 мыңнан астам баланың Алматы қаласына қатысы жоқ. 2500-ден астам баланың ЖСН-і жарамсыз, ал 18 мың бала Алматы қаласының тұрғындары болып табылмайды. Біз бюджеттен 2,5 млрд теңге артық төледік. Енді 2023 жылдан бастап жаңаша жұмыс істейміз. Үлкен ақшаның жанында әрқашан алаяқтар жүреді. Сондықтан ақшаны бюджетке қайтару керек. Қазіргі уақытта бір қылмыстық іс қозғалды, жақын арада тағы 5 іс қозғалады деп күтілуде, – деді қала басшысы.

Әзірлегендер Досбол АТАЖАН,
Айжан БҮРКІТБАЕВА.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Жыл соңына дейін «Юбилейный» ықшамауданында 1,2 шақырым кәріз желісі және 1,4 шақырым су құбыры желісінің жұмыстары аяқталады.



Тұрғындарды үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ету үшін 16,8 шақырым желі қайта жаңартылды.



Аудандағы жолдардың пайдалану сипаттамаларын жақсарту үшін жалпы ұзындығы 21,4 шақырым болатын 29 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.



Жеңіл рельсті трамвай (LRT) желісі жобасын жүзеге асыру шешімі 2023 жылы қабылданады.



Биыл ауданда қосымша 457 орынды 10 жаңа жекеменшік балабақша ашылды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



КОНФЕРЕНЦИЯ

Алматылық аманаттықтар партияның жаңа саяси тұғырнамасының жобасын қолдады. Құжатта баяндалған бастамалар осыған дейін 300-ден астам бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында және партияның сегіз аудандық филиалының партиялық конференцияларында оң пікір тудырды.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Бүгін партия қалалық филиалының кезектен тыс XXIX конференциясының жүз делегаты президенттік реформалар бағытын одан әрі іске асыруға өздерінің қолдауы мен дайындығын білдірді.

Аманат партиясының Алматы қалалық филиалының төрағасы, мегаполис әкімі Ерболат Досаев және басқа да белді партия мүшелері саяси Платформа жобасының идеологиялық бағыттарына егжей-тегжейлі тоқталды. Партиялықтардың айтуынша, уақыттың ағымдағы сын-тегеуріндеріне, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси трендтерге, ел тұрғындарының бірінші кезектегі қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді.

Платформа жобасын таныстыра отырып, спикерлер өз сөздерінде депутаттар, пікірлестер, сарапшылар қауымдастығы, ғылыми және шығармашылық зиялы қауым, сондай-ақ біздің қаламызда тұра-



тын азаматтық белсенділер ескерген негізгі бастамалардың маңыздылығын атап өтті. Бұл ретте өз қатарында 52 мың адамнан тұратын Аманат партиясының Алматы филиалы партиялықтар саны бойынша бүгінде Астана мен Шымкент мегаполистері арасында көш бастап тұр.

Бірқатар ішкі ұйымдастырушылық ерекшеліктерді, сондай-ақ партияның кезектен тыс XXIV съезін ескере отырып,

конференция делегаттары қалалық филиалдың партиялық органдарына өзгерістер енгізуге дауыс берді. Мысалы, Саяси кеңес құрамы 13 адамға жаңартылды, ал Саяси кеңес Бюросының құрамына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры – Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласы мәслихатының қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі комиссиясының төрайымы – Әсия Ақанова, мәслихат-

тағы Аманат депутаттық фракциясының жетекшісі – Серік Есмаев және қаламыздың ең жас депутаты – Жансая Әбдімәлік кірді.

Алдағы 6 қазанда Астанада өтетін Аманат партиясының XXIV съезінде Алматы қаласы атынан 40 делегат қатысады. Олардың қатарында 9 делегаттың ғылыми дәрежесі бар, ал 13 делегат ірі бастауыш партия ұйымдарын басқарады.

Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

БІЛІМ

БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ЕРТЕ ЖАСТАН БЕРУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ДҰРЫС?



Балалар
жылы
2022



Айым
НҮРМАН

«Баламды бірінші сыныпқа берейін бе, әлде тағы бір жыл балабақшада қалдырған дұрыс па?». Оқу жылының алдында көп ата-аналарды осы мәселе мазалайды. Дегенмен, басым көпшілігі ерте жастан беріп жатады. Ол қаншалықты дұрыс? Баланың мектепке баруға дайын екендігін қалай білеміз? Бұл мәселеге мамандар жауап берді.

Ақерке ДӘУЛЕН,
көпбалалы ана:

– Тұңғыш қызымды мектепке 6 жасқа жетпей бердім. Өте зерек болғандықтан ілесіп кетеді деп ойладым. Өсе келе айырмашылық біліне бастады. Тіпті физиологиялық жағынан да едәуір ерекшеліктер бар. Қызымды мектепке өз жасынан ерте беруімнің салдарымен әлі күресіп келемін. Мінезі тұйықталып, сыныптастарымен тіл табыса алмайды. Өзін өзгелермен көп салыстырып, төмен сезіне бастағанын байқадым. Сабаққа деген құлшынысы төмендеп, тіпті мектепке мүлдем барғысы келмеген кездері болды. Балаларын ерте жастан мектепке беретін ата-аналар оларды интеллектуалды жақсы дамыған деп санайды. Мен де солай ойладым. Негізінде олай емес. Дер кезінде балаға қолдау көрсетіп, қолға алмаса, білім алуына кедергі жасауы мүмкін.



Ақгүл АМАНТАЙ,
балалар психологі:

Әріп пен сандарды білу мектепке дайын екенін білдірмейді

5–7 жаста баланың өмірінде екінші маңызды кризистік кезең басталады. Бұл оның әлеуметтік қарым-қатынасының қалыптасу кезеңі. 5 жасар бала интеллектуалды жағы дамыған болуы мүмкін, бірақ эмоционалды деңгейі 3 жасар бала сияқты. Яғни конфликтпен күресуде әлсіз. Баланың әріптер мен сандарды білуі мектепке дайындығының көрсеткіші емес. Алдымен бала міндетті түрде оң мен солын білуі керек. Өзі киініп шешіне алуы қажет екендігін қаперде ұстаған жөн. Жеке гигиенасын ешкім айтпаса да жасай алуы маңызды. Эмоцияларын танып, басқара алуы көп нәрсені шешеді. Өке-шешесінің толық аты-жөні мен телефон нөмірін жатқа білу керек. Егер бала осының бәрін жасай алса, онда мектепке дайын деуге саяды. Мұндай балада жаңа ортаға бейімделу жеңіл өтеді.

Балам үйде құр отырғанша, балалармен аралассын деп ерте бердім деген ата-аналар да кездеседі. Мектепке беру баланы зеріктірмеудің жолы емес, өте үлкен жауапкершілік. Мұны бірінші ата-ана түсіну керек. Көршілердің балалары барып жатыр, ештеңе етпейдігі салу – қателік.



Назерке ШӘМІЛ,
логопед-дефектолог:

Әр баланың даму ерекшелігіне қарау керек

Әрине, баланы 6 немесе 7 жастан мектепке беретінін әр ата-ана өзі шешеді. Ешкім міндеттей алмайды. Дегенмен, ата-ана әр баланың даму ерекшелігіне көңіл бөлуі керек. Егер бала балабақшаға немесе дамыту орталықтарына бармаған болса, әріптерге тілі келмей, дұрыс сөйлей алмаса, жиі ауырып қала беретін болса, тез ашуланып, ортаға бейімделуі жай болса, бір жыл күте тұрған дұрыс. Әйтпесе, балаға да, мұғалімге де, ата-анаға да қиын болады. Бала мектепке барғанда әртүрлі жағдайларға кездеседі, оны шеше алмағандықтан, ішкі конфликт пайда болады. 45 минут бір орында отыру өте қиын. Әрі күнделікті жаңа ақпаратты қабылдау, миға салмақ салып тапсырма орындау баланы зорықтырып жіберуі мүмкін. Жаңа орта, жаңа білім кез келген балаға ауыр тиеді. Сондықтан алдымен эмоционалды тұрғыдан дайындау маңызды. Белгілі бір күн режиміне, тәртіпке бағыну балаға оңай емес. Бейімделуі уақытты талап етеді. Ата-ана баласының мектепке дайындығына сенімді болу үшін арнайы маманға жүгініп, диагностикадан өтуіне кеңес беремін.

P.S: Мамандардың пікіріне сүйенсек, қазір бастауыш сынып оқитын оқушыларда депрессия көп кездеседі. Оның себебі де ерте жастан эмоционалды дайындықсыз мектепке баруы. Ата-аналар осы тұста олармен көбірек сөйлесіп, жан-дүниесіне көңіл бөлуі керек.



ТҰЛҒАТАНУ

Биыл қазақ халқының рухани көсемі, Алаш ардақтысы, кемеңгер ағартушы, ұлттық жазудың реформаторы, ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай елімізде көптеген мазмұнды да тағылымды іс-шаралар ұйымдастырылуда. Ұлт ұстазының мерейтойы ЮНЕСКО деңгейіндегі әлемдік шаралар тізіміне де енді.



«ҒАСЫР САҢЛАҒЫ»

Алаштың айбозы Ахмет Байтұрсынұлының толыққанды ғылыми жүйеленген еңбегі жарық көрді

Жақында ғана Ахандай ұлт ұстазының келбеті кестеленген, кемеңгердің рухани мұрасы зерделенген «Ғасыр саңлағы» атты кең көлемді кітап оқырман қауымға жол тартты.

Туынды авторы – ахметтану ілімін талмай зерттеп, зерделеіп һәм насихаттап жүрген ғалым, Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі, филология ғылымының кандидаты Райхан Сахыбекқызы Имаханбет.

Даналықтың дәнін сепкен данышпанның өмірі мен саяси-қоғамдық қызметін насихаттауда, жалпы ахметтану саласында 30 жылға жуық абыройлы әрі қиындығы мол қызметті адал атқарып жүрген ғалым Райхан Сахыбекқызы – Алматы қаласындағы Ахат үйінің нағыз жанашыр «шырақшысы» десек те болар. 2021 жылы ахметтанушы-ғалым көрерменге жол тартқан «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясының бас кеңесшісі болды. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын насихаттаудағы мерейлі жылда ғұламаның 12 томдық толық шығармашылық жинағын дайындап жатқан ұжымда да ол – басты орындаушы. Оның ұлт ұстазының өмірі мен ғылыми мұрасы туралы кандидаттық диссертация қорғап қана қоймай, көптеген кітаптар, энциклопедия мен анықтамалық-көрсеткіштер, фото-жинақтарды осы ахметтану тақырыбында басып шығарғанын да куәсіміз. 2010 жылы «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде)» атты монографиясы жарық көрді. Бұл зерттеуге Қазақ елінің білім мен ғылым саласында аса зор құрметке бөленген белгілі ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, марқұм Тұрсынбек Көкішевтің берген бағасы өте жоғары. Содан бері соңғы 10 жылдан астам уақытта Райхан Сахыбекқызы өзі жүргізген зерттеулерінің нәтижесін жинақтап, толықтырып, әдеби туынды ретінде ұсынып отыр.

Автор өз еңбегінде, біріншіден, отыздан аса докторлық, алпысқа жуық кандидаттық диссертациялар мен елуге жуық жарық көрген кітаптардан басқа мыңдаған мақалаларды саралаған әрі осы еңбектерге ғалым ретінде өзіндік баға бере отырып, оралымды ой-тұжырым түйеді. «Барды бар, жоқты жоқ» деп турасын айтумен қатар, мазмұны жағынан жіберілген қателіктерді де жүйелі түрде дәлелдеп, дұрыс жолын көрсетеді. Сонымен қатар, болашақ ұрпақтың, тіл мен әдебиет саласындағы ғана емес, жалпы ғылым саласындағы ахметтанушыларға қисынды бағыт-бағдар береді. Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлының өмірдерегі мен ата-баба шежіресіне, жеке отбасына аса мұқияттылықпен зерде-



леу жүргізе отырып, бұрын жаңсақ кеткен мәліметтерге де дәйекті түрде түзетулер жасаған. Аханның өзі ғана емес, туыстары мен жолдастары, замандастарының аты-жөні, туған күндері және өлген жылдарына байланысты мәліметтер де нақтыланған. Осы деректерді бір жүйеге келтіріп, библиографиясын тізбектеп шыққан.

Үшіншіден, кітаптың әрбір тарауында мұрағаттық құжаттармен (ҚР Орталық мемлекеттік архиві, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ҚР Ұлттық кітапханасы) тыңғылықты түрде үлкен жауапкершілікпен жұмыс жасалғаны тайға таңба басқандай анық көрініп тұр. Бұл, әрине, автордың ғалымдық жолынан басқа, ұқыпты музей қызметкері екендігі әрі музейдің басшысына тән ұйымдастырушылық қабілетінің зор екендігін көрсетеді.

Төртіншіден, ең бастысы – Алаштың Ахметіне арналған, жоғарыдағы көрсеткен қисапсыз әдебиеттердегі шағырамды дәйек-деректерді бірізге түсіріп, көптеген жылдар бойы үлкен ыждағаттылықпен сирек қорлардағы құнды материалдарды да рет-ретімен пайдаланып, осылардың бәрін тұтас ғылыми тұрғыдан тұжырымдап, алғашқы рет толыққанды жүйеленген ерен еңбектің жарыққа шығуына бар мүмкіндікті жасаған.

Жалпы, 400 беттік әдеби туындының мазмұны мен әрбір тарауының «Киелі мекен», «Толағай тұлға», «Ұлы ағартушы», «Ғасыр саңлағы» деген атаулары бір-бірімен үндесе тізбектелген. Мәтіні

шұбалаңқы емес, қысқа да нұсқа әсем өрнектелген. Осының бәрі әдеби туындының толыққандылығын көрсетіп, ғылыми құндылығын арттыра түскен. Ойы орамды, тілі жатық, пікірлері дәлелді. Бұл көз-майын жегіп, бірнеше жыл дайындалған еңбектің жемісі деп білемін. Кітап қазақ тілінде жарық көргеннен кейін ағылшын және түрік тілдеріне аударылып, жарыққа шығаруға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Алаш ақиығына арналған кітаптың шетел тілінде басылып шығуы – бүгінгі жаһандану заманының басты сұранысы әрі ЮНЕСКО көлемінде өтетін іс-шаралар үшін қажетті құндылық.

«Ғасыр саңлағы» оқырманын ордалы ойдың ауылына бастайды, өшпес ізін өнегелі істерімен қалдырған ұлт ұстазын ұлықтау арқылы Ахандай алыптың өмірінен үлгі аларлық тағылымдарды баяндайды, келешек ұрпаққа Отаны мен халқын шексіз сүюдің нағыз қайсарлық пен патриоттық жолын көрсетеді. Өнегелі еңбек Алаштың айбозы әрі арысы Ахмет Байтұрсынұлының тағдыры және ғылыми мұрасымен терең танысқысы келетін қалың оқырман қауымының көзқуанышына айналады деп сенемін.

Алтынбек НУХҰЛЫ,
ҚР Парламенті
Сенатының депутаты,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
ҚР Журналистер одағының мүшесі.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІМІЗ

Ахмет Байтұрсынұлы – даналық пен ғұламалықтың рәмізі. Ол – оқымысты-педагог, ұлттық әдебиеттің ережесі мен қисын-қағидаларын жүйеге түсірген әдебиет теоретигі, қазақ тілі орфографиясы мен грамматикасының негізін қалаған лингвист, ақын, журналист, публицист аудармашы, мемлекет және қоғам қайраткері. Айтулы санаткердің, кемеңгердің рухани мұрасы – ұлттық игілігіміз, темірқазық жұлдызындай жолбастаушымыз, даналық мектебіміз. Яғни А.Байтұрсынұлының ғылыми-шығармашылық әлемі – ұлттық танымдық-философиялық әлемі. Оған адамгершілік – рухани ізгілік, көркемдік сыр, дүниетану тереңдігі тән, ол – ақыл, ғылым, хикмет дариясының дарабозы.

Серік НЕГИМОВ,
филология ғылымының докторы, профессор.

АХМЕТТАНУ

ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ІРІ МӘДЕНИ ЖЕТІСТІК

Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтыған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУ ҮШІН ҚАМ ҚЫЛДЫ

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды.

(Дереккөз: Уикипедия – ашық энциклопедиясы).

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

- Білімді болуға – оқу, бай болуға – кәсіп, күшті болуға – бірлік керек.
- Күнелту үшін – ас керек, ас істеуге – күш керек, күшті жұмсауға ес керек.
- Ниеті жаман Аллаға өкпелемес болар.
- Телміріп тапқан теңгеден – тер төгіп тапқан тиын жұғымды.
- Қатерлі жерде қаперсіз отырма.
- Өткенді қуғанды қойып, осы күйінді жөндеуге жөн іздеу керек.
- Әдіс қылу – жолсыздық емес, ептілік.
- Ғылым мен өнер елсізді – елдіге, жоқты – барға теңгереді.
- Қазақ жеріндегі шаруалық – мал бағу мен егін егу.
- Қазақта білімді адам жоқ емес, көп – бірақ солардың көбі, қаты, бәрі өз білімін халалға емес, харамға жұмсап ғадеттенген.
- Ел бағатындар – ел бағуларын жақсы білулері керек.
- Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі – екі ауылдың, екі топтың я екі рудың намысы деп ұғады: басқадан кемшілік көрсе – намыстанбайды, кектемейді; бір-бірінен кемшілік көрсе – кегін жібермейді.

ҚАЙ ЖҰРТ БОЛСА ДА ОҚУМЕН ІЛГЕРІ БАСАДЫ...

«Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенінен көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші».

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
«Қазақ» газеті,
«Оқу жайында» атты мақаласынан,
1913 жыл.

(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).




● ЕКПЕ АЛ!

Тұмауға қарсы вакцина: 210 мың доза сатып алынды

Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалыкова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мегаполисте тұмау мен ЖРВИ-ге қарсы вакциналау басталғанын хабарлады.

Айта кетсек, қалада ЖРВИ-мен сырқаттанудың маусымдық өсуі байқалады, өткен аптада 5943 жағдай тіркелген. Оның 65,2%-ы балалар арасында анықталған. «2022 жылға жергілікті бюджет қаражатына тәуекел тобындағы адамдарды вакциналау үшін тұмауға қарсы 130 000 доза көлемінде ресейлік «Гриппол плюс» универсалті вакцинасы сатып алынды. Бұдан өзге, осы вакцинаның 80 000 дозасы қосымша сатып алынатын болады. Осылайша ағымдағы эпидемиялық маусымда сатып алынған вакцинаның жалпы саны 210 000 дозаны құрамақ», – деді Ә.Қалыкова.

Биылғы 22 қыркүйекке дейінгі мәлімет бойынша, Алматы қаласы бойынша 65 067 адам тұмауға қарсы егілді. Бұл қала тұрғындарының жалпы санының 3,0%-ы, ал өз қаражатына жекеменшік медорталықтарда егілгендер саны – 14. Вакциналанған медицина қызметкерлері – 16 045, жиі ауыратын және диспансерлік есепте тұрған балалар – 5448, жүкті әйелдер – 2828, жабық мекемелер контингенті (қарттар мен ба-



лалар үйлері) – 2313, созылмалы аурулары бар ересектер – 25 203.

Ә.Қалыкова тұрғындарды тұмау белгісі бірден біліне бастағаннан дәрігерге баруға, өз бетінше үй жағдайында ем қабылдамауға шақырды.

● МӘМС

ЭКО – ҚОЛЖЕТІМДІ!

Алматыда 2022 жылдың 7 айында МӘМС пакеті арқылы көрсетілген қызметтер үшін 78 млрд теңгеге жуық қаржы төленді. Бұл туралы ӨКҚ алаңында өткен брифингте «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев хабарлады.

Айтуынша, қаңтар-шілде аралығында төленген қаржының басым бөлігі – 40,6 млрд теңгесі стационарлық деңгейдегі медициналық көмекке, тағы 3,2 млрд теңгесі күндізгі стационар қызметіне жұмсалған. «7 айдың нәтижесіне қарап халыққа көрсетіліп жатқан медициналық көмек көлемінің едәуір артқанын байқауға болады. Мәселен, бұған дейін көпшіліктің қалтасы көтере бермейтін қымбат анализдер, диагностика мен операция түрлері қазір медициналық сақтандыру есебінен көрсетіліп жатыр», – деді Тілеухан Әбілдаев.

Төленген қаржының 15,9 млрд теңгесі консультативтік-диагностикалық қызметтерге тиесілі. Бұл қызметтер ішінде әсіресе, КТ мен МРТ-ға деген сұраныс жоғары. 7 айда Алматы қаласында 996,8 млн теңгеге 62 мыңнан астам компьютерлік томография, 744,2 млн теңгеге 50 мыңнан астам магниттік-резонанстық томография жасалған. Сонымен қатар, қала бойынша онкологиялық ісікті анықтау мақсатында жасалатын 2793 ПЭТ-диагностика қызметі көрсетілген. Оған 750,1 млн теңге төленді.

«Кейінгі жылдары қымбат қызмет түріне жататын ЭКО процедурасы 2020 жылдан бастап МӘМС пакетіне еніп, қарапайым жұртшылық үшін қолжетімді бола бастады. 2022 жылғы ЭКО бағдарламаларына 3,2 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылған. Бұған барлығы 3152 ЭКО жасалуы тиіс. Өткен 7 айда Алматыда 1639 ЭКО жасалып, оған 1,7 млрд теңге төленді», – деді филиал басшысы.

2022 жылдың 7 айында алматылықтар амбулатория деңгейінде 13,3 млрд теңгенің дәрі-дәрмегімен қамтамасыз етілген. Бұл туралы да Медициналық сақтандыру қоры Алматы филиалының

директоры Тілеухан Әбілдаев хабарлады.

Айтуынша, сақтандыру енгізілген бері Алматы тұрғындары медициналық қызметтерді белсенді пайдаланып келеді. Соның ішінде медициналық қызмет көлемі ғана емес, сырқат түрлеріне қарай берілетін дәрі-дәрмек саны да бірнеше есе артқан.

Бүгінде тұрғындар белгілі бір сырқаттар бойынша тегін медициналық көмек және сақтандыру пакеттері шеңберінде тегін дәрі-дәрмек ала алады. Оның ішінде әлеуметтік маңызы бар, созылмалы және жедел аурулар, коронавирус инфекциясына шалдыққандарға берілетін дәрілер де бар.

«Өткен 7 айда Алматы қаласы бойынша тегін медициналық көмек пакеті бойынша 149 мыңнан астам пациент дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген. МӘМС пакеті бойынша 195 мыңнан астам ересек, 19 мыңға жуық бала тегін дәрі-дәрмек алды», – деді филиал басшысы.

Тегін дәрі-дәрмек кімдерге беріледі? Тегін медициналық көмек пакетімен: диспансерлік есепте тұрған Қазақстан аз аматтары, ықтиярхаты бар шетел азаматтары 50 түрлі дерт бойынша дәрі-дәрмекпен; ал МӘМС пакетімен: белгілі бір сырқатына байланысты диспансерлік есепте тұрған, сақтандырылған азаматтар қамтамасыз етіледі. Сақтандыру пакеті арқылы ересектерге 50 нозология, балаларға 73 нозология бойынша дәрі тегін беріледі.

Дәрі-дәрмек 18 жасқа толмаған балаларға дәрігер тарапынан диагнозы нақтыланғаннан кейін беріледі.

Тегін дәрі алу үшін алдымен емханаға тіркелу керек. Диспансерлік бақылауға алынатын сырқаты болса тиісті есепке тұру қажет. Учаскелік дәрігер/терапевт немесе емдеп жатқан салалық маманнан дәрі-дәрмекке рецепт алады.

● БРИФИНГ

Балалардағы аутизм белгілерін қалай байқауға болады? Сондай ерекше баланы қалай тәрбиелеу керек? Осы және өзге де сауалдарға Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Асыл мирас» аутизм орталығының басшысы Альмира Қалимова жауап берді.

Маманның пікірінше, аутизммен ауыратын адамдар әртүрлі болып келеді. Олардың кейбіреуі ерекше қабілетке ие және есте сақтау қабілеті де орасан болатын көрінеді. Ал кейбірінің өзге адамдармен қарым-қатынасында, оқуында едәуір қиындықтар болып жатады. Альмира Қалимова біздің елде аутизм туралы ресми статистика жоқ екенін, бірақ аутистік спектрдің бұзылуы (АСБ) белгілерін анықтауға көмектесетін әдістер бар екенін атап өтті. Бұл бағыттағы жұмыстарды Болат Өтемұратов қоры тегін жүргізіп отырған көрінеді.

Әдетте, ата-аналар аутизмнің белгілерін ерте, балалық шақта анықтай алады. АСБ бар балалар «ана, әке» деп айтпайды, көзге тіке қарамайды, күлмейді және жыламайды да. Бұл жағдайда ата-ана дереу мамандарға хабарласып, баланың функционалдық дағдыларын айтарлықтай жақсартатын қолайлы араласу интервенциясын іздеуі маңызды.

«Сонымен қатар, мұндай балалар шақырғанға үн қатпайды, қарапайым әрекеттерді қалай орындау керектігін білмейді. Мысалы, олар «орындықты әкел, қуыршақты көрсет» деген өтініштерге жауап қайтармайды, «өз әлемінде» жүреді. Мұндай балалардың ойындары стереотиптік болып келеді – автомобиль дөңгелектерін айналдыру, заттарды қатарға салу, саусақтармен ойнау,

● МӘСЕЛЕ

Күйзелістен шығатын жол бар

Күйзелісте жүрген азаматтарға қандай кеңестер қажет? Психикалық аурулар неге күз бен көктемде қозады? Психолог пен психиатрдың жұмысында айырмашылықтар бар ма? Осы сынды өзге де сауалдарға Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте психотерапевт Анастасия Садовская жауап берді.

Оның айтуынша, адам алдымен маманға не себепті жүгінгісі келетінін нақты біліп алуы қажет. Бұл орайдағы ең қарапайым алғашқы қадам – тіркелген емханаңыздағы учаскелік терапевтке бару. Ол өз кезегінде психологқа немесе психотерапевтке бағыттайды.

«Біздің елдегі психологтардың клиникалық білімі жоқ. Бұл – педаго-

гика мамандығы. Ол психикалық сау адамдармен айналысады, отбасындағы мәселелерді, жанжалдарды түзетеді. Ал психотерапевт – клиникалық білімі бар маман. Ол депрессиямен, мазасыздықпен, психосоматика шағымдарымен, созылмалы сырқаттармен, тәуелділікпен жұмыс істей алады. Психиатрға медикаментозды коррекцияны тағайындау қажет болған кезде жүгінеді», – дейді спикер.

Анастасия Садовскаяның сөзінше, күзгі және көктемгі асқынудан басқа қысқы және жазғы асқынулар да болады. Психикалық ауытқулар барлық маусымда байқалады, бірақ көбінесе көктем мен күзде. «Қоршаған ортаның сыртқы өзгерістеріне байланысты бірқатар аурулар бар. Бұл – күн сәулесінің төмендеуі, қысқы-көктемгі

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Вирустан сақтанайық!

Қазан – тұмауға қарсы екпе салдырудың ең қолайлы уақыты. Бұл туралы ӨКҚ алаңында өткен брифингте дәрігерлер хабарлады.

Қаланың штаттан тыс бас инфекционисі, И.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Тамара Утаганова күз үлкенге де, кішіге де қауіпті тұмаудың бас көтеретін мезгілі екенін атап өтті. Маманның айтуынша, тұмау әдетте қараша айының соңы мен желтоқсанның басында күш алады, ал қаңтар-ақпан дес бермей өршітін кезі. Сондықтан одан сақтану жолы – тұмауға қарсы вакцина алу. Қорғаныс иммунитетін дамыту үшін вакцинаны алдын ала жасату керек, яғни ағзадағы иммунитетті қалыптастыру үшін 2-3 апта қажет.

«Тұмауға қарсы вакцина адамның алты айлық кезінен бастап салынады. 60 жасан асқан адамдарға тұмауға қарсы егілуді ұсынамыз. Сондай-ақ, ДСҰ зерттеуі бойынша барлық мерзімдегі жүкті әйелдерге, 6 айлық сәбиден 5 жасқа дейінгі балаларға, созылмалы аурулары бар адамдарға ешқандай кері әсері жоқ. Денсаулық сақтау, әлеуметтік сала қызметкерлеріне де тұмауға қарсы екпе салынады», – деді Т.Утаганова.

Осы орайда қаланың штаттан тыс бас балалар инфекционисі, профессор Әділ Қатарбаев та пікірін білдірді. Ол тұмау вирусының балаларға тұрмыстық түрлі заттар, ойыншықтар мен ыдыс-аяқтар арқылы да жиі жұғатынын атап өтті. Мәселен, тұмау вирусы түрлі заттардың беткі қабатында 2 сағат өмір сүре алады. Сол заттарды ұстаған бала вирус жұққан қолымен бет-аузын, көзі-басын уқалайтыны анық.

«Нәрестелердегі ЖРВИ белгілері ересектерге қарағанда сәл өзгешелеу болуы мүмкін. Сәбилер мазасызданады, анасын ембейді. Жәтеле алмай қиналып, тыныс алу жолдарына қақырық жиналады. Ал бұл жағдай бронхиты тарылтады, салдарынан тамақ қырылдап, баланың тыныс алуы қиындайды. Сондықтан кішкентай өрендерге де екпе салдыруға кеңес береміз», – деді Ә.Қатарбаев.

Аутизммен ауырған бала

күлмейді, жыламайды, көзге тіке қарамайды



орнында секіру түрінде қайталанатын қозғалыстар, қабырғадан қабырғаға жүгіру, шеңберге жүгіру, өз осінің айналасында айналу, аяқтың ұшымен жүру. Бірақ аутизмнің ауру деп есептелмейтінін түсінген жөн», – деді А.Қалимова.

«Асыл мирас» жетекшісінің айтуынша, уақытында диагностикадан өтпеген және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілмеген аутизм бар балалар ересек жаста сыртқы әлеммен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады. Аутизмнің өмір бойы сақталуы мүмкін екенін де түсіну қажет дейді маман. Спикер АСБ бар балалар саны жыл санап өсіп келе жатқанын да атап өтті. Бұл бағыттағы жұмыстарды елімізде 2014 жылдан бері Болат Өтемұратов қоры жүргізіп келеді. 2015 жылдан бастап қор Қазақстанның 11 облысындағы «Асыл мирас» аутизм орталықтары желісі арқылы «Аутизм. Әлем барлығы үшін бір!» бағдарламасын жүзеге асыруда. Бір ғана Алматы филиалында 7 жылдық қызмет ішінде 2937 бала диагностикадан өткен. Диагноз 2463 балада (84%) расталған, 1659 бала көмек көрсету бағдарламаларын аяқтаған. Қазіргі күні орталықта 103 балаға қызмет көрсетіледі.

«Біздің орталықтарда АСБ-мен жұмыс істеу бойынша халықаралық сарапшылардан өткен мамандар қызмет етеді. Барлық қызмет мүлдем тегін. Аутизмге шалдыққан баланың дамуына ата-аналарымен бірге отырып жұмыс істейміз», – дейді А.Қалимова.

кезеңде тұтынылатын көкөністер мен жемістер мөлшерінің азаюы. Сонымен қатар, D3 витаминінің төмендеуіне байланысты болады. Күз-көктем мезгілінде ауа райы өзгереді, қысым төмендейді. Бұл кейбір психикалық ауытқулардың өршуіне себепкер болады», – дейді маман.

Спикер пандемия кезінде ковидке шалдыққан адамдардың біразының зардап шегіп, күйзеліске түскенін де атап өтті. Олар гипохондриязға ұшырап, аурудың белгілерін кеңейтті. Бұл синдром мазасыздық-депрессиялық ауытқу ретінде қарастырылады», – дейді А.Садовская.

Сонымен қатар, дәрігер күйзелісті қалай анықтауға болатынын айтты. Яғни күйзелісті адам ойлау қабілетінің және физикалық белсенділігінің төмендеуінен білуге болады. Асқа деген табетін жоғалтып, ұйқысы да қашып немесе көңіліне алаң кіре бастайды. Яғни күш-жігері төмендейді. Мұндай жағдайда терапевтке барған абзал дейді спикер.



СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ – 100

Биыл ақиық ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Александр Фадеев сыйлығының және Қазақ ССР Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Қазақ әдебиеті» газетінің, «Жұлдыз» журналының редакторы болған қаламгер Сырбай Мәуленовтің туғанына 100 жыл толды. Соған орай, біз бүгін әке жаққан отты өшірмей, есімін ұлықтап жүрген ұлы – заң ғылымының докторы, профессор, ғылым саласы бойынша Шоқан Уәлиханов атындағы жұлденің лауреаты, Индиана университеті (АҚШ) заң мектебі Фулбрайт бағдарламасының стипендиаты Қасым Мәуленовпен сыр-сұхбат құрдық.

ӘКЕ мен БАЛА

ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫНЫҢ КӨМЕКШІСІ

– Қасым Сырбайұлы, сіз әкеңізбен рухтас болғаныңызды, әлі күнге сағынатыныңызды, іздейтінізді ылғи айтып жүресіз. Әкеден не үйрендіңіз, не алдыңыз?

– Ол рас, әкемнің орны әлі күнге ойсырап тұрады. Ортамыздан кеткеніне, міне, отыз жылға таяп қалса да, әкеммен жанымның егіз болғандығы соншалық, әлі күнге еске алып, жанарыма үйіріле кететін ыстық жасымды сырт көздерден қымсынып жасырып та жатпаймын. Біз өте жақын болдық. Ол мені «Қазақстанның халық жазушысының көмекшісі» дейтін. Сол қолы іске мүлдем жарамсыз болатын, соғыс салған жарақаттың зардабы. Сондықтан сегіз жасымнан сақалын қырып беретінмін. Әкемнің бетіндегі өмір бедерлеген әрбір әжімінің сызығына дейін таныс әрі ыстық болатын.

Әкем маған кез келген ойымды қағазда шашыратпай, әдемі түсіре білуді үйреткен. Университетте алғаш сабақ бере бастаған күндерімнен-ақ тарихқа қатысты, маған қажет деген құнды деректерді іздестіріп, керекті әдеби мәліметтері, сілтемелерді тауып беріп отыратын.

Әкем екеуміз Британ кітапханасы туралы жиі әңгімелесетінбіз. Соның әсері болар, бірде Лондонға жол түскен сапарымда, бара салып бірден әйгілі кітапханаға жазылдым. Ондағы өткен бір ай мерзім ішінде, қызығы сол, әкем ылғи жанымда отырғандай, менімен бірге қолға алған кітаптарымның бәрін парақтап отырғандай әсерде болатынмын. Ол – Байронды, Гетені, Шиллер мен Мицкевичті, Пушкин мен Лермонтовты, Некрасов пен басқа да әлемдік деңгейдегі классиктерді қазақ тілінде өте сауатты, еркін сөйлеткен кісі. Бүгінгі күндері Сырбай Мәуленовтің кітаптары АҚШ Конгресі мен Британ кітапханаларының сөресінде тұр. Бұл да мен үшін мақтаныш.

Мен әкемнен адамзат рухының ұлылығына және оның шексіз мүмкіндіктеріне сенуді, әлемнің мәңгілік сұлулығына табына білуді үйрендім. Әкем мені барлық адамға қайырымды болуды, қамыққан жанға сүйеу бола білуді үйретті, сондай-ақ, жастарды ылғи демеп жүруді, олардан мақтауды аямауды үйретті. Кез келген мақтау енді өсіп келе жатқан жас өскінге шабыт береді екен ғой, соны түйсіндім. Міне, әкем сыйлаған осы бір адами құндылықтар менің өміріме үнемі бағдаршам іспеттес болып тұрады.

СЕЗІМ СЕЛІ

– Қалам мен қағазды серік еткен лирик ақын-әкеңің шабытты сәттері есіңізде ме? Ол кісіні көбіне не қанаттандырушы еді?

– Әкеме өз жазғандары ұнамайтын болуы керек, өлең жолдары түсірілген ақ парақтарды лақтырып не жырып тастайтынын жиі көруші едім. Ал анам әлгі қағаздарды алақанына түгел жинап алып, оларды ерінбей-жалықпай бір-біріне желімдеп қойып, күндердің күнінде уақыт өте келе, сол қағаздарды әкеме көрсететін. Көрсетіп қана қоймай, кей өлең жолдарындағы мағыналы тұстарына пікірін қосып, қайта шабыттандырып қоюшы еді.

Иә, әкемнің өлеңдерінің ең алғашқы рецензенті анам болатын. Әкемнің анама айлы түндерде өлеңін оқып беріп отыратынын бала да болсақ талай көргенбіз. Біз осылай бір-бірін қадірлей, қолдай білген, риясыз



сүйген ата-ананың құшағында мейірімнен кенде болмай өскен баламыз.

Әкем бір орнында отырып жұмыс істеуге дағдыланбаған кісі еді. Күн-түн ыңылдап, ойланып жүреді екен де, бір күні ақтарылады дейтін анам. Кейде табанасты отыра қалып нөсер құйып өткендей селдетеді екен. «Мұндай сәттерде тордағы арыстандай арпалысып, әрлі-берлі теңселіп кететін, бір үйді бір өзі толтырып отыратын. Өлең шіркін кәдімгі таудан құлаған бұлақтай арындап, сарқырап төгіліп жататын. Осындай бір шырынды, шабытты шақтар Сыркең өмірінде көп кездесетін. Өлеңді екпіндетіп, тасқындатып оқитын», – дегені бар бірде анамның.

Әкемнің шығармашылық жолында майдан лирикасы ең алдыңғы орындарда тұрды. Оның бірқатар айтулы поэмалары да сол майдан даласында, нақтырақ айтсақ, Ленинград түбіндегі Синявинск шырдары майданында туған. Олардың қатарында менің аяулы анам Құлжамалға деген сырлы сезімін білдірген өлеңдері де болған.

«ДҮНИЕ ЕМЕС, ДОС ЖИДЫ»

– Шығармашылық адамы, әрине, сол ортамен біте қайнасып жататын тұлға. Әкеңіздің өз тұстастарымен, қаламдастарымен қарым-қатынасы, олардың ортасындағы беделі қандай еді?

– Менің әкем дүние емес, дос жинаған адам. Әлі есімде, әр аптаның соңына қарай, яғни жұма сайын әкемнің достары – Мұзафар Әлімбаев, Әди Шәріпов, Жұбан Молдағалиев, Әбу Сәрсенбаев, Мұқағали Мақатаев, Жұмекен Нәжімеденов, Қабдыкәрім Ыдырысов, Қасым Тоғызақов, Серік Қирабаев, Ғафу Қайырбеков, Жәрдем Тілеков, Әнуар Әлімжанов, Қуандық Шаңғытбаев, Балғабек Қыдырбекұлы, Ғаббас Жұмабаев, Сафуан Шаймерденов, Тұманбай Молдағалиев, Шерхан Мұртаза және басқа да ағалар біздің үйге қонаққа келетін. Тіпті, кейбірінің дүйсенбіге дейін қонып қалатыны есімде. Анам олардың жейделерін жуып кептіріп, аяқкиімдерін сүргіп тазалап, ал біз шалбарларын үтіктеп беріп, дүйсенбі бәрін бірге сергек қалпында жұмысқа шығарып салатынбыз. Анамның жайған дастарханынан дәм татып, бір қабақ шытпастан ұсынатын кесесінен талай мәрте ыстық шәй ішкен осы жас ақындар мен жазушылардың көбі кейін қазақ әдебиетінің классиктеріне айналды.

Әкем интернационалист адам болатын.

Оның Сергей Наровчатов, Вадим Кожевников, Сергей Михалков, Евгений Евтушенко, Мустай Каримов, Давид Кугультинов, Берды Кербәбаев, Шыңғыс Айтматов, Платон Воронько, Мұхтар Әуезов, Жұбан Молдағалиев және басқа да іргелі ақын-жазушылармен достығы мықты болған. Қаламдастары бас қосқан кез келген үлкенді-кішілі басқосуларда бәрін күлкіге көміп, айналасына шуақ шашып отыратын қасиетін де мақтанышпен айтып кеткім келеді. Иә, менің әкем өмірдің бар өлшемі мен қадірін достықпен бағалаған жан. Соның арқасында үйімізден

бекзат кісілер үзілмеді. Талай тұлғаның қолына су құйдық. Біз үшін бұл өмір, өнеге, оқу, тағылым мектебі болды.

Әдетте, аса дарынды адамдардың өмірде қарапайым, ұсақ-түйекпен ісі жоқ болатыны, пендешілік атаулыдан биік тұратыны, күйкі тірліктің ызыңын місе тұтпайтыны, шаруаға қыры жоқ екені белгілі. Әкем де сондай қызық жан еді. Өмірбақи газға от жағып шәйнек қоюды білмеген, дүкенге аяқ баспаған, есікті де өзі ашпаған, тіпті өзіне кісі болып бір жейде сатып алмаған. Оны мұндай күйкі тірлікке араластырмаған, әрине, менің бекзат болмысты анам ғой.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ НЕМЕРЕСІ

– Қасым Сырбайұлы, анаңыздың Ахмет Байтұрсынұлының немересі екені рас па? Осы жөнінде толығырақ тарқата отырсаңыз?

– Бала күнімде әкемнен атам (Сырбай Мәуленовтің әкесі – Тай Мәуленов) туралы көп сұрайтыным есімде. Ал анамның әкесі, туған-туысы жайлы сұрау біздің отбасында жабық тақырып болатын. Нағашы атам Әмір Қалиев «халық жауы» атанып, Сібір жерінде ГУЛАГ-та қайтыс болған деседі. Тек 1997 жылдың аяғына қарай ол туралы нағыз шындықты білдім. Дәлірек айтсам, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына жолдап сұрау салған хатыма ресми түрде жауап алдым. Онда Ахмет Байтұрсынұлының немере інісі – нағашы атам Әмір Қалиевтің ақталғандығы туралы мәлімет көрсетілген болатын. Әмірдің әкесі – Қали Байтұрсынұлы Ахмет Байтұрсынұлының ең үлкен туған ағасы. Міне, шешем Құлжамал Әмірова осылайша Ахмет Байтұрсынұлының немересі болып келеді.

Нағашы атам Әмір 1929 жылы Қостанай округіндегі көтеріліске қатысқаны үшін түрмеге жабылған. Қостанай даласындағы сол бір көтеріліс сол дәуірдегі Кеңес өкіметіне бойұсынғысы келмеген қазақ ұлтының рухты мінезін көрсетсе керек. Бұл көтерілістер мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы сынды Алаш азаматының есімімен де тығыз байланысты. 1929 жылы Ахмет Байтұрсынұлы Қостанай округіндегі көтерілісшілерге арнап жазбаша түрде мәлімдеме жасайды. «Орыс шаруаларына көп жеңілдік қарастырылған. Мысалы, жеке ауыл шаруашылығы салығын, мәжбүрлеп нан жинауды алып тастау және т.б.

Жалпы, орыстар талап еткен құқықтарына қол жеткізді. Ал біз, қазақтар, әлі күнге үреймен, қорқынышпен өмір сүріп келеміз. Бұлай жалғаса берсе, біздің құр сүйегіміз ғана қалады. Сондықтан қазірден бастап халықты колхозға жазылмауды үгіттеу керек. Колхоздан кейін бәрі коммунхозға бірігеді, сонда өзімізден ештеңе де қалмайтын болады. Яғни жекеменшік деген ұғым мүлдем жойылады. Осы күнге дейін осыншама колхоз бірікті деп ақпарат таратып жатқан газеттерге сенбеңіздер. Бәрі жалған. Мұны коммунистер елдің ішіне іріткі салып, арандату үшін айтып отыр. Әртүрлі өкілетті органдардың және аудан агенттерінің сөздерін бас шұлғып мақұлдай бермей, олардан нан, басқа да тауарлар беруді талап ету керек. Осы жылы (1929 жыл) көздеген мақсатқа оңай жетуге болады. Өйткені, большевиктер көтерілісшілерге қысым көрсетейін десе, жан-жақтан жаппай бас көтеріп жатқан қостанайлық орыс мұжықтарынан да тартынып отыр. Осы сәтті оңтайлы пайдаланып, ашық әрекетке көшкен жөн. Бірақ аса сақ болған дұрыс, ешкімді мертіктірмеу керек. Әйтпесе, олар қарулы әскер шығарып, халыққа сес көрсетіп таратып жіберуі мүмкін. Ол кезде ұйымдасу, бас біріктіру қиынға соғып қалады. Кеңес өкіметі көп ойланып жатпастан алдымен қатал заңдарын өзгерте бастайды. Сол тұста біз өкіметті өз қолымызға ала қоямыз», – дейді Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы. Міне, Қазақстан тарихында осы тектес әлі де аз зерттелген, терең зерделеуді қажет ететін тарихи деректер бар.

Шешем 1934 жылдан 1937 жылға дейін Ахмет Байтұрсынұлының отбасында тұрған. Сырқат Ахмет пен оның зайыбы Бадри-саның жанында болып, екеуіне күтім жасайды. Шешем бала да болса сол кездегі НКВД жендеттерінің Ахмет Байтұрсынұлының үйіне жиі-жиі жасалатын тінту жұмыстарын ешқашан ұмытпағанын, бәрі көз алдында екендігін бізге әңгімелеп отыратын.

ЖҮРЕГІМНІҢ ТҮКПІРІНДЕ

– Қазақстанның халық жазушысы Сырбай Мәуленовтің атын мәңгілік ету жолында бүгінгі күні қандай игілікті іс-шаралар атқарылуда? Әңгімемізді осы сауалға берер жауабыңызбен түйіндесек.

– Анам өмірінің әр сәтін, әр минутына дейін әкеме және бізге арнаған ең аяулы жан еді. Сол кісінің табандылығының, әкемнің мұрасына деген жанашырлығының арқасында Қазақстан Үкіметіне де хат жолдады, министрліктердің де есігін қағудан, табалдырығын тоздырудан шаршамады. Алматы қаласы мен облыстардың әкімдерінің қабылдауына да жазылды. Нәтижесінде елімізде әкемнің атымен ашылған мектептердің, көшелердің салтанатты жиындарының төрінде отырды. Мектептер ішінен Сырбай Мәуленов атындағы музейлердің ашылуына мұрындық болды. Әкемнің шығармаларының басын біріктіріп, бірталай кітап та басып шығарды. Анам, әсіресе, шефтік қамқорлығына алынған мектептердің оқушыларына, олардың алып жатқан біліміне көп көңіл бөлді. Бүгінгі күні Қазақстанның төрт қаласында, атап айтсам, Алматы, Қостанай, Арқалық және Қызылордада әкемнің атымен аталатын көшелер бар.

Әкем көз жұмған соң, 1993 жылы «Қазақстанның халық жазушысы, Александр Фадеев сыйлығының және Қазақ ССР Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сырбай Мәуленов атындағы қор» құрылды. Оның президенті, тізгіншісі де өзім. Қордың эмблемасынан әкемнің «Лашын» (құс) деген бүркеншік атауының орын алғаны да мен үшін мақтаныш. Бүгінде мен де өзімнің кейбір жекелеген ғылыми мақалаларымның соңына «Лашын» деп қол қоямын. Себебі, өмірімнің айнымас бір бөлшегі болып кеткен марқұм әкемнің есімі үнемі жадымда жүрсе, жүрегімнің түкпірінде болса деймін. Мен Сырбай ақынның ұлы екендігінді мақтан етемін! Сұрапыл соғыстан да аман қалып, елге оралып, Дүйсен, Жеңіс, Бейбіт, Ғазиз есімді бауырларыма, Бақытжамал мен Сақыпжамал есімді әпкелеріме өмір сыйлағандығы үшін де ризамын. Біз бір құрсақтан жетеу едік. Өкінішке қарай, үлкен екі ағам мен кенжеміз өмірден өтіп кетті. Қалған перзенттері әке жолын жалғап келеміз.

– Әсерлі әңгімелеріңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛШЕВА.

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Қазақ халқы әрқашан білекті де жүректі болған. Жаугершілік заманда ата-бабаларымыз бес қаруын сайлап, қарсы келген жауын қылышпен қайтарған, найзамен түйреген, одан қала берді қолының қара күшімен төтеп берген. Бүгінгі күні батыр бабалар жолын қуып, көк туымызды ерік-жігермен, білектің күшімен әлем алдында көтеріп жүрген спортшыларымыз аз емес. Оның ішінде соңғы жылдары елімізде аралас жекпе-жек өнері өте қарқынды дамып келе жатыр. Біздің спортшылар тек ТМД елдері арасында емес, халықаралық деңгейдегі ең ірі Азияның, Еуропа мен әлемнің промоушндарында өнер көрсетіп, жеңіске жетуде. Осыған орай, біз жер жүзінде күш сынап жүрген бүгінгі қазақ жауынгерлерінің рейтингін құрадық.

ЖҮРЕК ЖҰТҚАН ЖІГІТТЕР



Жалғас Жұмағұлов

Аралас жекпе-жекте қазақ жауынгерлері арасындағы біздің рейтингтің бесінші сатысына – Жалғас Жұмағұлов (21 жекпе-жек, 14 жеңіс, 7 жеңіліс) жайғасты. Жалғас – Ақтөбе тумасы. Бала кезден спортпен әуестеніп, ММА-дағы алғашқы жекпе-жегін 2014 жылы өткізеді. Ол 2016 жылға дейін отандық промоушндарда өнер көрсетіп, 6 жекпе-жекте жеңіске жетсе, екеуінде есе жібереді. Осы жылы ресейлік Fight Nights Global ұйымымен келісім жасасады. 2018 жылы бұл ұйымның белбеуін жеңіп алады. 2019 жылы чемпиондық атағын абыроймен қорғаған соң, UFC промоушнына ауысады. Жалғас үшін UFC-дегі спорттық мансабы оңай басталған жоқ. Ең жеңіл салмақта өнер көрсететін қазақстандық спортшы бразилиялық Раулиан Пайвамен кездесіп, төрешілер шешімімен жеңіліп қалады. Спортшының өзі және көптеген көрермендер бұл шешімді әділетсіз санады. Жалғас осы ұйымдағы екінші жекпе-жегінде де шведиялық Амир Албазиге есе жібереді. Дегенмен, 2021 жылы америкалық Джером Ривераны қылқындыру әдісімен жеңіп, UFC-дегі алғашқы жеңісіне қол жеткізеді. Мұндай маңызды жеңістен кейін қазақстандық жауынгердің бағы жанып, мансабы жоғары өрбиді деп күтілген. Алайда, бұдан кейінгі екі жекпе-жекте біздің спортшы Манель Капе мен Джефф Молинадан басым түсе алмады. Жалғас кезекті жекпе-жегін Чарльз Джонсонға қарсы 19 қараша күні өткізеді. Бұл кездесу оның UFC-дегі болашағын айқындайтын жекпе-жек болмақ.

Сергей Морозов

Біздің рейтингтің төртінші сатысында Жалғас Жұмағұловтың досы – Сергей Морозов (23 жекпе-жек, 18 жеңіс, 5 жеңіліс) тұр. Сергей де Ақтөбе облысында туып-өскен, Жалғастан 1 жас кіші. Ол аралас жекпе-жекпен кәсіби айналыспас бұрын қоян-қолтық ұрыс, панкратион сынды спорт түрлеріне қатысып, халықаралық жарыстардың жеңімпазы атанған. Атап айтқанда, панкратионнан үш дүркін Қазақстан чемпионы, сонымен қатар Азия және Еуразия чемпионы, қоян-қолтық ұрыстан Азия чемпионатының жүлдегері, ММА-дан әлем чемпионатының 2012, 2014, 2015 жылдардағы жүлдегері.



Сергей 2019 жылы Александр Осетровке қарсы жекпе-жекте M-1 Global ұйымының белбеуін жаулап, осы жылы Джош Реттингхаузен кездесуде чемпиондық атағын қорғайды. Бұл жеңістен соң қазақстандық жауынгер UFC-ге жолдама алады. Морозов үшін де жаңа ұйымдағы дебюттік жекпе-жек ойдағыдай шыққан жоқ. Ол ресейлік Умар Нұрмагомедовтен жеңіліске ұшырайды. Алайда, келесі кездесуінде германиялық Халид Тахамен шығып, төрешілер шешімімен жеңіске жетеді. Сергей 2022 жылы екі бразилиялық спортшыға қарсы кездесу өткізіп, Дуглас Сильва ди Андрадиден жеңіліп қалса, соңғы жекпе-жегінде Жалғастың бұрынғы қарсыласы Раулиан Пайвадан басым түсті. Осылайша қазақстандық спортшының UFC-дегі бүгінгі рекорды 2-2 болды. Сергей келесі жекпе-жегін Джорни Ньюсонға қарсы 22 желтоқсан күні өткізеді.

Қайрат Ахмедов



Рейтингіміздің үздік үштігін – Қайрат Ахмедов (31 жекпе-жек, 29 жеңіс, 2 жеңіліс) ашады. Ол бүгінгі күні әлемдегі ең ірі промоушндардың бірі ONE Championship ұйымының ең жеңіл салмағында өнер көрсетеді. Отандық жауынгер осы салмақтың рейтингіде екінші тұр. Қайрат балалық шағында әке жолын қуып, 2000 жылдан бері грек-рим күресімен айналысады. Грек-рим күресінен үш рет ішкі біріншілікті жеңіп алған. 2010 жылы аралас жекпе-жекте дебют жасап, 2015 жылға дейін отандық ұйымдарда 19 жекпе-жек өткізіп, барлығында жеңіске жетеді. Осы жылы ONE Championship ұйымымен келісім жасасады. Жаңа промоушндағы алғашқы кездесуін Адриано Мораесқа қарсы өткізеді. Қайрат бразилиялық қарсыласын төрешілер шешімімен жеңіп, ең жеңіл салмақтағы ONE Championship чемпионы атанады. Алайда, Адрианомен қарымта кездесуінде белбеуінен айырылып қалады. Қазақстан спортшысы бүгінгі күні жеңіс сериясымен келеді. Ол соңғы 5 жекпе-жегінде жеңіске жетті. Алдағы уақытта ONE Championship жеңіл салмақтағы жаңа чемпионы Деметриус Джонсонмен белбеу үшін кездесу өткізеді деп күтілуде.

Асу мен Шавкат

Рейтингіміздің екінші сатысына Асу Алмабаевты (18 жекпе-жек, 16 жеңіс, 2 жеңіліс) қойдық. Жақын күндері Бахрейнде орналасқан Азияның ең мықты промоушндарының бірі – Brave CF ұйымы өз жауынгерлерінің рейтингін жариялады. Осы тізімде аса жеңіл салмақтағы үздік 5 жауынгердің қатарына Асу Алмабаев үшінші нөмірмен енді. Бұған дейін Brave CF лигасының президенті Мұхаммед Шахид қазақстандық спортшы жоғары бағалаған: «Асу Алмабаев лигаға Қазақстанның үздік жауынгері ретінде қосылған. Бірақ BRAVE CF-тегі соңғы жекпе-жектері арқылы ол өз елінде ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы ең мықты екенін дәлелдеді», – деді ол. Асу Алмабаев өнер көрсететін салмақта бүгінгі күні нақты чемпион жоқ. Алдағы уақытта біздің спортшымыз BRAVE белбеуін жеңіп, UFC ұйымына ауысады деп болжаймыз.



Рейтингіміздің ең жоғары сатысына Шавкат Рахмонов (16 жекпе-жек, 16 жеңіс) орналасты. Бүгінгі күні бірде-бір рет жеңіліс көрмей, жартылай орта салмақтағы UFC рейтингінің 11 сатысында тұрған қазақстандық спортшы туралы осы уақытқа дейін талай жазған едік. Сондықтан ол туралы ақпаратты қосымша қайталамай, Шавкаттың алдағы уақытта чемпион болуына тілектеспіз.

Дайындаған Досбол АТАЖАН.

РЕСМИ БӨЛІМ

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2022 жылғы 28 қыркүйектегі №04 шешімі ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қыркүйекте №29869 болып тіркелді.

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі №03 «Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

ШЕШІМ:

- Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі №03 «Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1546 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:
 - көрсетілген шешімнің №1 қосымшасында №313, 323, 336, 352 сайлау учаскелерінің шекаралары және №335, 338, 344, 345, 350, 353, 497, 536 сайлау учаскелерінің орталықтары, осы шешімнің қосымшасына сәйкес өзгертілсін.
- «Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
 - 1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Жетісу ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етісін.
- Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.
- Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жетісу ауданының әкімі

Г.КӨКЕБАЕВА

«КЕЛІСІЛДІ»

Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2022 жылғы 28 қыркүйектегі №04 шешіміне қосымша

Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша сайлау учаскелері

№313 сайлау учаскесі (орталығы: «№66 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Казак көшесі, №6 үй)

Шекаралары: Рысқұлов даңғылының жұп жағымен Ниязбеков көшесіне дейін; Ниязбеков көшесінің тақ жағымен Казак көшесіне дейін; Казак көшесінің солтүстік жағымен қалалық зираттың батыс шекарасына дейін; қалалық зираттың шекарасы бойымен Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының солтүстік жағымен Бөкейханов көшесіне дейін.

№323 сайлау учаскесі (орталығы: «Темірбетон-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қаласы, Бөкейханов көшесі, №11 үй)

Шекаралары: қалалық зираттың шығыс шекарасымен Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылының оңтүстік жағымен Қазыбаев көшесіне дейін; Рысқұлов даңғылынан Қазыбаев көшесінің батыс жағымен ары қарай Бұлқышев көшесімен теміржол желісіне дейін; Бұлқышев көшесінен бас-тап, теміржол желісінің солтүстік жағымен 2-ші Гончарная көшесіне дейін; 2-ші Гончарная көшесімен оңтүстікке қарай (батыс жағы) теміржол желісі бойымен Бөкейханов көшесінің қиылысына дейін; Бөкейханов көшесінің оңтүстік жағымен

Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының солтүстік жағымен қалалық зираттың шығыс шекарасына дейін.

№335 сайлау учаскесі (орталығы: «№129 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, «Айнабұлақ-3» шағынауданы, №165 үй)

Шекаралары: Есентай өзенінің шығыс жағалауымен солтүстікке қарай «Айнабұлақ» шағынауданының солтүстік шекарасының қиылысына дейін; «Айнабұлақ» шағынауданы-ның солтүстік шекарасы бойымен Павлодарский көшесіне дейін; Павлодарский көшесінің оңтүстігімен Мұқатай көшесіне дейін; Павлодарский көшесімен Мұқатай көшесінің батыс жағымен оңтүстікке қарай, «Айнабұлақ-3» шағынауданының №142, 143, 143 А, 144, 145, 147, 149, 150, 151, 152, 154, 155, 156, 157, 161, 162 тұрғын үйлерін қоса алғанда.

№336 сайлау учаскесі (орталығы: Алматы-2 теміржол вокзалы, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, №1 үй)

Шекаралары: Райымбек даңғылының солтүстік жағымен Желтоқсан көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфул-лин даңғылымен теміржол желісіне дейін; теміржол желісімен Островский көшесіне дейін, Островский көшесінің шығыс жағымен Радищев көшесіне дейін; Радищев көшесінің оңтүстік жағымен Сүйінбай даңғылына дейін; Сүйінбай даңғы-лымен Назарбаев даңғылына дейін; Назарбаев даңғылының батыс жағымен теміржол желісіне дейін; теміржол желісінің солтүстік жағымен Желтоқсан көшесіне дейін; Желтоқсан көшесінің батыс жағымен Райымбек даңғылына дейін.

№338 сайлау учаскесі (орталығы: «№143 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Колпаковский көшесі, №26 үй)

Шекаралары: Колпаковский көшесінен Сүйінбай даңғы-

лының шығыс жағымен Баянауыл көшесіне дейін; Баянауыл көшесінің оңтүстік жағымен Натаров көшесіне дейін; Натаров көшесінің батыс жағымен Мусорский көшесіне дейін; Му-сорский көшесінің оңтүстік жағымен Жангелдин көшесіне дейін; Жангелдин көшесінің батыс жағымен Бөлтүтік Шешен көшесіне дейін; Бөлтүтік Шешен көшесінің солтүстік жағымен Есенов көшесіне дейін; Есенов көшесінің батыс жағымен Колпаковский көшесіне дейін; Колпаковский көшесінің солтүстік жағымен Сүйінбай даңғылына дейін.

№344 сайлау учаскесі (орталығы: «Кемел» дене шы-нықтыру-сауықтыру кешені, Алматы қаласы, Жайсаң көшесі, 22/1 үй)

Шекаралары: Бурундайский көшесінен Солтүстік айнал-лым шоссесінің бойымен шығысқа қарай Есентай өзенінің қиылысына дейін; Есентай өзенінің бойымен (шығыс жағы) солтүстікке қарай Дыбенко көшесіне дейін; Дыбенко көше-сімен шығысқа қарай Ақсуат көшесіне дейін (оңтүстік жағы); Ақсуат көшесімен оңтүстікке қарай Бурундайский көшесіне дейін; Бурундайский көшесімен (батыс жағымен) оңтүстік-батысқа қарай Солтүстік айналым шоссесіне дейін.

№345 сайлау учаскесі (орталығы: «Кемел» дене шы-нықтыру-сауықтыру кешені, Алматы қаласы, Жайсаң көшесі, №22/1 үй)

Шекаралары: Есентай өзенінен Бурундайский көшесімен батысқа қарай қаланың шекарасына дейін; қаланың шекарасы-мен солтүстікке қарай Талант көшесіне дейін; Талант көше-сімен (екі жағы) «Көкжиек» шағынауданының шекарасымен шығысқа қарай Есентай өзеніне дейін; Есентай өзенімен оңтүстікке қарай Солтүстік айналым шоссесіне дейін; Солтүстік айналым шоссесімен Бурундайский көшесіне дейін, Есентай өзені қиылысымен.

№350 сайлау учаскесі (орталығы: Алматы автомеха-никалық колледжі, Алматы қаласы, Қазыбаев көшесі, №270 үй)

Шекаралары: Тихов көшесінен Жансүгіров көшесінің бойымен оңтүстікке Рысқұлов даңғылына дейін (батыс жағы); Рысқұлов даңғылымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Қазы-баев көшесіне дейін; Қазыбаев көшесімен солтүстікке (Рысқұ-лов даңғылындағы №65 А үйді, Қазыбаев көшесіндегі №7Т үйді қоспағанда) (шығыс жағы) Серіков көшесіне дейін; Серіков көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Серіков көшесіндегі №45 үйге дейін; түйық көшемен солтүстікке қарай (шығыс жағы) «Құлагер» шағынауданындағы №95 А үйге дейін; «Құлагер» шағынауданындағы №95А үйден шығысқа қарай Омаров көшесіне дейін (оңтүстік жағы); Омаров көше-сінен солтүстікке қарай Тихов көшесіне дейін (шығыс жағы); Тихов көшесінен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Жансүгіров көшесіне дейін.

№352 сайлау учаскесі (орталығы: «Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша кірістер басқармасы» коммунал-дық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, №2 үй)

Шекаралары: Райымбек даңғылының солтүстік жағымен Сүйінбай даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін; Желтоқсан көшесінің шығыс жағымен теміржол желісіне дейін; теміржол желісінің оңтүстік жағымен Назарбаев даңғылына дейін; На-зарбаев даңғылының оңтүстік жағымен Сүйінбай даңғылына

дейін; Сүйінбай даңғылының батыс жағымен Райымбек даң-ғылына дейін.

№353 сайлау учаскесі (орталығы: «№129 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ал-маты қаласы, «Айнабұлақ-3» шағынауданы, №165 үй)

Шекаралары: Есентай өзенінен бастап Бурундайский көшесінің оңтүстік жағымен, әрі оңтүстікке қарай Бурундайс-кий көшесінің батыс жағымен Петропавловский көшесінің қиылысына дейін; әрі батысқа қарай №236, 159, 157, 153, 151, 149, 147 үйлердің жанымен Бурундайский көшесіндегі №93Г үйге дейін; Бурундайский көшесінің №93Г үйінен солтүстік-батысқа қарай шығыс жағымен №93 және №93Д үйлерінің арасымен Мещерский көшесіне дейін; Мещерский көшесінің шығыс жағымен өткелге дейін Ермолов түйық көшесіне дейін; әрі батысқа қарай Павлодарский көшесіне дейін; Павлодарс-кий көшесінің батыс жағымен Мещерский көшесіне дейін; Мещерский көшесімен (екі жағы) оңтүстікке қарай, №101 үйді қоса алғанда Ермолов көшесіне дейін, әрі қарай «Айнабұ-лақ-3» шағынауданының солтүстік шекарасына дейін; «Ай-набұлақ-3» шағынауданының солтүстік шекарасы бойымен батысқа қарай Есентай өзеніне дейін; Есентай өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай Бурундайский көшесінің қиылы-сына дейін.

№497 сайлау учаскесі (орталығы: «№193 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ал-маты қаласы «Кемел» шағынауданы, Жар-жар көшесі, №54 үй)

Шекаралары: «Кемел» шағынауданы шекарасы: М.Серап-лин көшесінің №1-ден №23-ге дейінгі үйлер, Национальный көшесінің №1-ден №57-ге дейінгі үйлер, Жанбота көшесінің №1-ден №24-ке дейінгі үйлер, Жидебай көшесінің №1-ден №79, №79А-ға дейінгі үйлер, Жолымбет көшесінің №1-ден №51, №51А-ға дейінгі үйлер, Д.Құдабайұлы көшесінің №1-ден №164-ке дейінгі үйлер, Кеңсуат көшесінің №1-ден №70-ке дейінгі үйлер, Жар-жар көшесінің №1-ден №75-ке дейінгі үй-лер, Дауылпаз көшесінің №1-ден №26-ға дейінгі үйлер, Кок-шолақ көшесінің №1-ден №34-ке дейінгі үйлер, Қартқожа кө-шесінің №1-ден №21-ге дейінгі үйлер, Қоңыртобе көшесінің №1-ден №8, №8А-ға дейінгі үйлер, Бидайық көшесінің №1-ден №19-ға дейінгі үйлер, түйық көшелер: Ақбөбек көшесінің №1-ден №17-ге дейінгі үйлер, Насихат көшесінің №1-ден №14-ке дейінгі үйлер.

№536 сайлау учаскесі (орталығы: «№148 мектеп-гим-назиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, «Құлагер» шағынауданы, №52 үй)

Шекаралары: Сұлтанка өзенінің бойымен солтүстік-ба-тыс бағытқа қарай (батыс жағы) Қазыбаев көшесіне дейін; Қазыбаев көшесімен оңтүстікке қарай (шығыс жағы) «Құла-гер» шағынауданы №26 үйге дейін; «Құлагер» шағынауданы-ның №25, №26, №37 үйлерін қоспағанда түйық көшемен солтүстік-шығыс бағытқа қарай (солтүстік жағы) «Құлагер» шағынауданы №36 үйге дейін; «Құлагер» шағынауданы №36 үйді қоса алғанда түйық көшемен солтүстік бағытқа қарай (батыс жағы) «Құлагер» шағынауданы №34 үйге дейін; «Құла-гер» шағынауданы №34 үйді қоса алғанда түйық көшемен шығыс бағытқа қарай (солтүстік жағы) Сұлтанка өзеніне дейін.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге 3 айға – 1801,50 теңге	15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге 3 айға – 4861,50 теңге	95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге 3 айға – 1321,50 теңге
--	---	--

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ТЕҢГЕ

ЖАҢА БАНКНОТ

ҚР ҰБ баспасөз қызметі хабарлағандай, жаңа купораның айналымдағы ақша белгілерімен бірыңғай стильде жасалған. Алдыңғы жағында негізінен тік кескіндер, артқы жағында көлденең кескіндер бар. Жаңа купюра негізінен сұр түсті. Өлшемі 155 x 79 мм.

Купораның алдыңғы жағында Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері, «Қазақ Елі» монументі, «Мәңгілік Ел» салтанатты аркасы, «Басқұр» Қазақ ұлттық ою-өрнегінің фрагменті және тәуелсіздік жылдарын бейнелейтін «30» саны бейнеленген.

Банкноттың бет жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері, «Қазақ Елі» монументі, «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасы, «Басқұр» қазақ ұлттық ою-өрнегінің фрагменті және Тәуелсіздік жылдарын білдіретін «30» саны бейнеленген.

Банкноттың екінші бетінде Астананың және Ақорда резиденциясының панорамалық көрінісін көруге болады.

Номиналы 20 000 теңгелік жаңа дизайнды банкнот өз құнына сай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ елдегі банктерде банктік шоттарға есепке алуға және аударуға, ұсақтауға, айырбастауға жатады.

Жаңа купюра «Қазақ Елі» сериясымен ұсынылған қазіргі таңда айналымда бар 500, 1000, 2000, 5000 және 10 000 теңгелік номиналдары банкноттардың қатарын толықтырады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



2022 жылдың 1 қазанынан Қазақстан Ұлттық банкі номиналы 20 000 теңгелік банкнотты айналымға шығарады.



МУНТАР АҒЫЕЗОВ. 125 ЖҮЛ

коллекциялық монеталары айналымға шығады

Қазақстан Ұлттық Банкі МУНТАР АҒЫЕЗОВ. 125 ЖҮЛ коллекциялық монеталарын айналымға шығарады. Бұл монеталар «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясын жалғастырады. Монеталардың сатылымға түсетін күніне қатысты ақпарат ҚҰБ-тың ресми сайтында қосымша хабарланады.



• Номиналы 500 теңгелік монеталар: күміс монетаның сапасы – proof, массасы – 24 грамм, диаметрі – 37 мм, таралымы – 2000 дана.



• Номиналы 100 теңгелік монеталар: мельхиор қоспасынан дайындалған монетаның сапасы – brilliant uncirculated, массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, таралымы – 20 000 дана.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, еліміздегі банктерде шотқа есепке алынуға, аударылуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Күмістен жасалған монеталар мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ-тың нөмірлі сапа сертификаты бар кәдесый орамда болады. Мельхиор қоспасынан жасалған монеталар жеке блистерлік орамда шығарылады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

1 ҚАЗАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ

көрсеткіші бойынша Алматы екінші орында

Жыл сайын бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстанда да 1 қазанда Халықаралық қарттар күні атап өтіледі. Бұл мереке 1990 жылы 14 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 45 сессиясында жарияланған еді. Оны өткізудің басты мақсаты – егде жастағы адамдардың мемлекет пен қоғам алдындағы еңбегін құрметтеу және тану, сондай-ақ олардың проблемалары мен қажеттіліктеріне, өмір сүру сапасын арттыру қажеттілігіне назар аудару, оларға жалпыға бірдей қамқорлық көрсету болып табылады.

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі келтірген мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 100 жастағы және одан да үлкенірек жастағы 487 азамат бар екен. Ең жасы үлкен қазақстандық Түркістан облысында тұрады, ол 121 жасқа толған туған күнін атап өтті. Өдетте, еліміздің оңтүстік өңіріндегі адамдар ең көп өмір сүреді деуге болады. Түркістан облысында 100 және одан жоғары жастағы 75 адам бар екенін айта кеткен жөн.

Ұзақ өмір сүрушілер саны бойынша екінші орында еліміздің ең ірі қаласы – Алматы тұр. Онда 100 жастан асқан 62 адам тұрады. Үшінші орында Алматы облысы, бұл өңірде 100 және одан жоғары жастағы 55 адам тұрады.

Ең қарт қазақстандықтардың үштігіне Түркістан облысының (121 жас), Шымкент қаласының (120 жас), Жамбыл облысының (119 жас) тұрғындары енді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жол қозғалысы өзгереді

Алматы қалалық мобильділік басқармасы қызметкерлерінің хабарлауынша, «Санн көшесі мен Мөңке би көшесінің қиылысындағы көлік жолайрығы құрылысы» нысаны бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының жүргізілуіне байланысты Мөңке би көшесіндегі көлік қозғалысының сұлбасына келесі өзгерістер енгізіледі:

1. 2022 жылғы 1 қазанда сағат 22.00-ден 2023 жылғы 1 маусымға дейін Мөңке би көшесінің бойымен айналма жолдан Мәмбетов көшесіне дейін көлік қозғалысы тоқтатылады.

2. Көлік қозғалысы солтүстік және шығыс бағыттарда Ақын Сара және Момышұлы көшелері, айналма жол арқылы жүзеге асырылады.

3. Іргелес көшелермен көлік қозғалысы өзгеріссіз жүргізіледі. Аталған жұмыстар жол-құрылыс жұмыстары аясында жоспарланған. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтобе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Alatay Aqparat» ЖШС ұжымы медиахолдингінің коммерциялық директоры Қуаныш Жақсыбайұлы Дюскалиевке нағашы ағасы Тілеуберді Шаймарданұлы СЫДЫҚОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамына:
7 (707) 932-39-18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



«Біз ұстазды құрмет тұтқан елміз. Бұл сөзіміз нақты іспен бекітіліп жатыр. Арнайы Оқу-ағарту министрлігі құрылды. Біз бұған дейін «Педагогтардың мәртебесі туралы» Заң қабылдап, оның аясында мұғалімдердің жалақысын өсірдік. «Әліппені» қайтардық. Орта білімді дамытуға бағытталған бірқатар жағымды өзгеріс бар. Осындай игі шаралар арқылы біз қоғамда мұғалімнің мәртебесін одан әрі биіктетеміз. Ұстаз біздің қоғамда әрдайым сыйлы тұлға болады».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Сауалнамада мұғалімдер қоғамның әл-ауқатына байланысты мамандықтар рейтингінде әскерилер мен дәрігерлерден кейін 2-орында.

Зерттеушілер мұғалімнің әуе қозғалысын басқарушы, ұшқыш немесе өрт сөндіруші сияқты ауыр мамандық екенін айтады. Ұстаздар күні әлемде 100-ден астам елде аталып өтеді.

Дүниежүзілік мұғалімдер күні алғаш рет 1994 жылдың 5 қазанында тойланған. Сол уақыттан бері барлық мерекелік кеш, мектепшілік іс-шаралар дәл осы күні аталып келеді. Ұстаздар мейрамы 1965 жылдан бастап КСРО-да 5 қазанға бекітілген болатын. 1994 жылдан бастап Ресей, Әзербайжан, Қырғызстан, Молдова, Армения мен Эстония 5 қазан күні мерекелейді. Алайда, 1980 жылдың 1 қазанында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша Мұғалімдер күні қазан айының 1-жексенбісіне қойылды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін де Қазақстан, Әзербайжан, Белоруссия, Қырғызстан, Латвия және Украина елдері бұл мерекені қазан айының алғашқы жексенбісінде тойлап жүр. Ал басқа мемлекеттер ұстаздар күнін басқа күндерде атап өтеді. Мәселен, Албания ұстаздар мерекесіне 8 наурыз, Солтүстік Корея 9 мамыр, Оңтүстік Корея 15 мамыр, Вьетнам 20 қараша, Түркия 24 қарашаны белгілеген.

«Бізді табыстырған – ұстаздық»

Алматылық ерлі-зайыпты Медет пен Салтанат ұстаздар байқауында танысып, отбасылы болған. Осы салада бірі – 18, бірі – 14 жыл еңбек өтілі бар қос ұстаз бүгінде 5 бала тәрбиелеп отырған бақытты жандар.

Болашақ жарын «Алматы жыл мұғалімі-2011» байқауында кезіктірген Салтанат Жанболатқызы әріптестіктен отбасылық өмірге дейінгі әдемі естеліктерін бізбен бйлай бөліскен еді.

«19 жасымда оқу бітіріп, Әуезов ауданындағы «Жаңа ғасыр» №175 гимназиясында бастауыш мұғалімі болып еңбек жолын бастадым. 2011 жылы «Мұғалім мамандығының абыройын арттыру және насихаттау» барысында өтетін жыл мұғалімі байқауына

ЕҢБЕК АДАМЫ

«ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘНГІЛІК...»

қатысып, аудандық жыл мұғалімі байқауында 1-орынды иелендім. Содан қалаға жолдама алдым. Әр ауданнан іріктелген 10 мұғалім дайындықты бастап кеттік. «Алматы жыл мұғалімі-2011» байқауының ашылуы салтанатты түрде өтті. Іріктелген 10 мұғалім ән айтып, би билеп, өнер көрсеттік. Байқаудың ашылуына бұрынғы жүлде иегерлері де келді. Бәріміз сахнада «Жыл мұғалімінің» гимнін орындадық. Міне, жолдасымды алғаш кездестірген сәт – осы кез. Жұбайым Медет Қасымбаев «Алматы жыл мұғалімі-2009» жүлдегері. Ол кезде жасым – 21-де. Байқауға қатысқандардың дені орта жастағы тәжірибесі мол ұстаздар еді. Кіл мықтылар жиналған ортада жолдасым бірден көзге түсті. Несін жасырайын, бір көргеннен ұнаттым. Әртүрлі кезеңдерден тұратын байқау 1,5 айға ұласты. Құжаттарымызды ББ ЖМБ ҚДИ-ға өткіздік. Қызық болғанда, мен сырттай ғашық болған жігіт сол жерде аға әдіскер болып қызмет атқарады екен. Біз өткізген құжаттардан менің суретімді көріп ол да ғашық болып, «осы қызбен танысам» деп, менің телефон нөмірімді алыпты. Байқауда алған 3-орынға көңіл толмай, жылап қалғаным есімде. Сол кезде осыдан 1,5 ай бұрын ұнатқан сол жігіт келіп мені жұбатты. Осылайша таныстық басталып, 3 айдан кейін отау құрдық. Қазір 5 баламыз бар. Жұмыста – әріптесің, үйде – ата-анамыз», – дейді Салтанат.



МЕРЕЙ



Ардагер ұстаздар ардақталды



Рая
ЕСКЕНДІР

Алмалы аудандық «Ұстаз» кәсіподағы ұзақ жылдар бойы білім саласында қызмет еткен ардагер ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтап, құрмет көрсетті. Бұл күні бар ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнап, еңбегімен ел құрметіне бөленген байырғы ұстаздар бас қосып, өткен күндерді сағынышпен еске алды.

Алмалы ауданы «Ұстаз» кәсіподағының басшысы Раушан Дүйсебайқызы ардагер ұстаздардың ерен еңбектерін еске алып, олардың есімдері ел есінде екенін айтып, қызметтеріне құрмет білдірді.

– Сіздердің басшылық еткен мектептеріңіз бен балабақшаларыңыз әлі де қаламыздағы алдыңғы қатардағы білім ошағы саналады. Сіздер қалыптастырған тәрбие мен білім әлі де өз биігінде. Сондықтан сіздердің еңбектеріңіз ешқашан ұмытылмайды. Есімдеріңіз ел есінде, – деді Алмалы аудандық «Ұстаз» кәсіподағының төрайымы Раушан Оразалиева.

Өз кезегінде ұзақ жыл мектеп басшысы болған еңбек ардагері Атығай Бижанов құрмет көрсетіп жатқан Алмалы ауданы әкімшілігі мен «Ұстаз» кәсіподағына ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып келе жатқан «Алматының Құрметті азаматы», қоғам қайраткері Асылы Осман, ардагер ұстаздар Гүлшара Есетқызы мен Шаяхмет Иماشұлы сөз алып, Әділетті Қазақстан құру жолында әлі де сапта болып, өз үлестерін қосуға дайын екендіктерін білдірді. Кеш соңы Абай атындағы опера және балет театры әншілерінің концертіне ұласты.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

IV ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ойындары басталды



Түркияның Изник қаласында IV Дүниежүзілік көшпелілер ойындары басталды. Аталған шарада 23 спорт түрі бойынша әлемнің жүзге жуық көшпелі халықтарының спортшылары бақ сынады.

«Қазақстан құрамасында 5 спорт түрінен 53 спортшы бар. Бүгін көкпар, көкбөрі, дәстүрлі садақ ату, жамбы ату спортшылары жарыс жолын бастайды. Жарыс қатысушы елдер арасындағы мәдени байланыстарды нығайту арқылы әлемнің көшпелі халықтарының мәдениетін сақтау және жаңғырту, көшпелі әлем халықтарының ұлттық спорт түрлерін халықаралық деңгейге шығару және сақтау мақсатын жүзеге асырады», – дейді Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының баспасөз хатшысы Жадыра Жүсіп.

Дүниежүзілік көшпелілер ойындары барысында 10-ға жуық спорт түрінен тек көрсетілім ойындары ғана болады. Оның ішінде біздің елдің спортшылары теңге ілу мен аударыспақтан көрермен көзайымы үшін қойылым жасайды.

Көкпар мен көкбөрінің финалдық бәсекелері 2 қазанға белгіленген. Көкпардан ҚР ұлттық құрама сапында әлем чемпиондары команда капитаны Ұлан Байтөреев, Абылайхан Нышанбеков, «Ғасыр ойыншысы» атанған Құрманбек Тұрғанбек қатарлы азаматтар бар.

Досбол АТАЖАН.

РУХАНИЯТ

«Ұлы Дала жорығы» республикалық бәйге марафонына қатысушы шабандоздар елордадан Түркістанға дейінгі 1200 шақырымды артқа тастап, мәреге жетті. Жеңімпаз командаларды Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев құттықтап, марапаттады.

Соңғы меже – Түркістан қаласына дейін ең қысқа уақыт ішінде жеткен Маңғыстау командасы бас жүлде – «Ұлы дала сарбазы» атағы мен 24 000 000 теңге көлеміндегі жүлдемен марапатталды. Жетісу облысы командасы 2-орын үшін 12 000 000 теңге, ал 3-орын иегері Түркістан облысы командасы 9 000 000 теңге жүлдені қанжығаға байлады. Мәреге 4-ші болып келген Жамбыл облысы командасы 6 000 000 теңге көлеміндегі сыйлықпен марапатталды. Сонымен бірге, жарыстан шығып қалған, бірақ жорықты өз еркімен жалғастырған бірнеше облыстан келген 13 шабандоз 1 миллион теңге қаржылай сыйлықпен марапатталды.

Түркістанға жеткен шабандоздарды арнайы күтіп алған Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев төл құндылықты түгендеп, ұлттық келбетті оятқан бірегей жоба келешекте де жалғасуы қажет екенін жеткізді.

«Баршамаыз Ұлы даланы дүбірге бөлеген, 1200 шақырымды бағындырған айтулы аламанның қорытынды сәтін тамашалап тұрмыз. Бұл – бұрын-соңды болмаған марафон-бәйге. Отандық спортшымыз үшін де, төл руханиятымыз үшін де теңдессіз тарихи оқиға. Кеше ғана Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркістанға жасаған іссапарында «Ұлы Дала жорығы» бәйгесінің мән-маңызына ерекше тоқталды. Мемлекет басшысы ұлт жадына жаңғыртуда мұндай аламандардың айрықша

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»

марафонының жеңімпаздары анықталды



қажет екенін баса айтты. Сондықтан бұл бәйгені кешегі батыр бабаларымыздың жорық жолын жаңғыртқан, елдің рухын оятқан жоба болды деуге толық негіз бар», – деді Дәурен Абаев.

Марафон-бәйгені Мәдениет және спорт министрлігі, Аманат партиясы, «The Great Steppe Tour» қоғамдық қоры мен Ұлттық спорт қауымдастығы ұйымдастырды.

Ұлттық спорт қауымдастығы президентінің кеңесшісі Әлібек Өлденей бәйге-марафонды ұйымдастыруға қолдау көрсеткен Мәдениет және спорт министрлігі мен Аманат партиясына алғыс білдірді.

«Ұлттық спорт қауымдастығы бұл шараны әу бастан қолға алды, жан-жақты қолдау білдірді. Қауымдастық президенті Исламбек Төлеубайұлы Салжанов қазір Түркияда өтіп жатқан көшпенділер ойынына қатысуда. Ол барша Түркістан жұртшылығына осы шараны қолдағаны үшін ризашылығын білдіріп, ыстық сәлемін жеткізуді тапсырды. Осынау әлем-

де теңдесі жоқ бәйге-марафон отандық және халықаралық ат спорты саласында жаңа сайыс форматын енгізуге негіз болады деп сенеміз. Марафонды келешекте халықаралық деңгейде ұйымдастырып, Халықаралық ат спорты федерациясы (FEI) өткізетін жарыстар қатарына қосу жоспарланып отыр», – деді Ә.Өлденей.

Айта кететін жайт, 18–29 қыркүйек аралығында марафоншылар елордадан Түркістан қаласына дейін 1200 шақырымнан аса қашықтықты басып өтті. Марафон 100 шақырымдық 12 сатыға бөлінген. Еліміздің әрбір өңірінен марафонға 1 командадан қатысты. Марафонға қатысушыларға Ұлы Дала рухын сезінуге және киелі жерлеріміз – Жошы хан, Алаша хан кесенелері, сондай-ақ, Қазақ хандығының алғашқы астанасы Созақ қаласы мен түркі руханиятының бесігі Түркістан қаласы сияқты тарихи орындарға зиярат жасауға мүмкіндік туды.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.